БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 60 (9637) 1955 жылғы 26 март Сенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

БІЗ БЕЙБІТШІЛІК ІСІН ЖАҚТАЙМЫЗ: **Ә. Түлкібаева.**—Соғысты тілемейміз. **Б. Сүлейменов.** — Бейбітшілік ісі—әділ іс. **Ә. Бектемова.**—Бейбітшілік—бақыт. **Әли Мұсаханов.**—Бейбітшілік лирикасы.—**Х. Асылбеков.**—Менің ойым (1-бет).

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: **Н. Чалов.**—Тыңдағы партиялық-саяси жұмыс (2-бет).

Е. Фейге.—Аудандық газеттердің міндеттері (2-бет).

К. Асанов. —Петропавл темір жол торабында (2-бет).

А. Жағыпаров.—Комбинат озаттары (2-бет).

С. Төлеков.—Байланыс мекемесінде (2-бет).

ЕГІСТІ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛІКПЕН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ. **А. Мануйлов.**—Басты міндеттен тыс қалған. **Т. Кәдіров.**—Көктемгі егіске әзірліктің барысы төзгісіз жағдайда. **Қ. Шұнғұлшин.**—Міндеттеме орындалды (3-бет).

Х. Маратов.—Үйрене білген—өнерлі (3-бет).

Н. Филиппов, В. Гмызин.—Малды жазғы жайылымда күтуге дерезінде дайындалайық (3-бет).

Шетелдерде (4-бет).

Мал қыстату үлгілі аяқталсын

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарары ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің зор саяси және өндірістік өрлеуін туғызды. Елімізде таяудағы бес-алты жылда он миллиард пұтқа дейін астық жыйнауды және мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі—екі жарым есе арттыруды көздеген январь Пленумының тарихи қарарларын бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге біздің облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері де асқан зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алып, ол қарарды ойдағыдай жүзеге асыру күресіне белсене ұштасты

Облысымыздың колхоздары, совхоздары мен МТС-терінің қызметкерлері СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарын талқылауға арналған жыйналыстарда жаңадан көтеріңкі міндеттемелер алып, қоғамдық мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендетіп, оның өнімділігін барған сайын арттыра беру жолындағы социалистік жарысқа қосылды.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жөнінде партиямыз жасап берген программаны ойдағыдай жүзеге асыру ауылшаруашылық науқандарын үлгілі өткізуге байланысты. Мұндай аса маңызды ауылшаруашылық науқандарының бірі, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру күресінің жауапты кезеңі мал қыстату маусымы екендігі мәлім. Біздің облысымыздың колхоз, совхоздарында мал қыстату маусымы аяқталуға жақындап келеді. Демек біздің облысымыздың жағдайында бұл уақыт (март және апрель айлары) мал қыстату маусымындағы ең шешуші және ең жауапты кезең болып табылады. Өйткені, жасыратыны жоқ, көптеген колхоздарда, әсересе Мамлют және Совет аудандарының колхоздарында жемшөп қоры сарқылып қалды, бұл уақытқа малдың қоңы төмендеп келді. Сол сыяқты, біздің солтүстік облыстарының жағдайында март және апрель айларында кейде күннің суытып, боран соғуы бейтаныс жағдай емес.

Рас, облысымызда мал қыстатуды үл-

20 күнде ондаған бас мал шығын болды.

Облыс партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық органдары мен колхоз басқармаларының, МТС, совхоз дирекциялары мен бастауыш партия ұйымдарынын бүгін таңдағы ең басты міндеті—барлық қажетті шараларды қолданып, мал қыстатудың үлгілі аяқталуын қамтамасыз ету.

Жоғарыда көптеген колхоздарда жемшөп қоры сарқылып қалды дедік. Міне, ондай колхоздардың басшылары мал қыстату маусымының қалған уақытына қоғамдық малға қажетті жемшөпті іздестіруге, жемшөп қоры мол басқа колхоз, совхоздардан мал азығын сатып алуға тиіс. Ондай жемшөпті қыстау басына тасуда МТС колхозға техника күшін бөліп, нақты көмек көрсетуге міндетті.

Қазір төл алу маусымының ең қызу кезеңі туды. Міндет—әрбір төлді шығынсыз өсіру. Колхоз басқармалары, ферма меңгерушілері және мал шаруашылығы мамандары ішті және төлдеген малдардын жас төлдердің ерекше күтімге алынып. олардың дұрыс азықтандырылуына және суарылуына күнбе-күн бақылау жасауға тиіс.

Қар еріп, аласапыранның басталуына байланысты қораларды, малдың, әсресе ішті малдардың, төлдеген малдар мен жас төлдердің жатар орнын таза ұстаудың айрықша маңызы бар. Колхоз басқармалары, ферма меңгерушілері мен мамандар бұл мәселеге де күнбе-күн назар аударып отыратын болсын.

Бұл күндері, мал қыстатуды үлгілі аяқтауда мал дәрігерлері мен зоотехниктерге зор міндет жүктеледі. Олар әрбір колхоз, совхоздағы және фермадағы мал қыстатудың жайы үшін жауапты. Олай болса, мал дәрігерлері мен зоотехниктер мал қыстатудың бұл шешуші кезеңінде малдың дұрыс азықтандырылуына, суарылуына және күтілуіне күнбе-күн тыянақты бақылау жасап, бұл жұмыстарды қолма-қол ұйымдастыра білуге міндетті.

Мал шаруашылығының тағдыры—мал-

Біз бейбітшілік ісін жақтаймыз!

☆

Соғысты тілемейміз

Бұл күнде адамзат баласына хауіп төніп отыр. Ағылшын- американ империалистері үшінші дүниежүзілік соғысқа жанталаса әзірленіп, герман кекшілдерін қайта қаруландыруда. Олар атом және сутегі қаруларын кеше ғана апат әкелген қанішер гитлершіл генералдардың қолына беріп, күлі көкке ұшқан вермахтты қайта тірілтпек. Ағылшын- американ есуастары біздің еліміздің, туысқан халықтық демократия елдерінің шекараларына жақын соғыс базаларын салып, бейбіт елге, бейбіт еңбекпен айналысып жатқан совет адамдарына үлкен хауіп төндіруде.

Қазір прогресшіл адамзат бейбіт адамды қырғынға ұшыратуды көздейтін Лондон және Париж келісімдерін бекітуге қарсы күресуде. Совет адамдары атом және сутегі қаруларының запастары жойылып, оларды адамзат игілігі үшін пайдалануға мүдделі болып отыр.

Халық соғысты тілемейді. Кеше ғана соғыс мехнатын бастан кешірген совет адамдары жаңа соғысты болдырмау үшін күреседі. Міне, сондықтан да, олар Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атом соғысына әзірлікті тоқтатуды талап еткен Үндеуін шын ықыласпен қарсы алды.

Мен өткен жылы Семейдің ет- сүт өнеркәсібі техникумын бітірдім. Қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатына келіп, жұмыс істей бастағаныма бір жылдай болды. Мен ұйымшыл жұмысшы коллективінің арасына келдім. Олардың бәрі де бейбітшілікті, бейбіт еңбекті сүйеді. Комбинат коллективі өздерінің игі еңбегімен бейбітшілік ісіне үлес қосуда. Қазір біздің комбинат коллективі Бірінші май мерекесі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін күресуде.

Совет адамдары ертеңгі күніне үлкен

☆

Бейбітшілік ісі—әділ іс

Мен басқарған трактор бригадасы өткен жылы Сталин атындағы колхозда (Булаев ауданы) тың жер игеруде жұмыс істеді. Механизаторлар машина қуатын өнімді пайдалана отырып, тың игеру жөніндегі тапсырманың артығымен орындалуын қамтамасыз етті.

Астық өндіруді арттыра беру еліміздің қуаттылығын нығайта береді. Сондықтан біз быйылғы жылы да астық өндірісін арттыру ісіне өз үлесімізді қоса беруді аброй деп есептейміз. Бұл сезім бізді үстіміздегі қыста тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге, өзіміз жұмыс істейтін Сталин атындағы колхоздың егіс алаңдарына қар тоқтатуға және артельдің мал қыстату жұмыстарына көмектесуге белсене қатысуға жігерлендірді.

Біздің совет адамдары осындай бейбіт еңбекпен шұғылданып отырғанда, американ агрессорлары соғыс өртін тұтандыруға жанталасуда. Олар атом қаруын және жаппай қырып- жоятын қарудың басқа түрлерін шығаруға көп қаржы жұмсап келеді. Біз, совет адамдары — бейбітшіліктің адал күрескерлеріміз. Атом қаруына, жаппай қырып- жоятын басқа да қаруларға тыйым салу жолында және қару- жарақты жаппай азайту, осы шараларды жүзеге асыруға халықаралық бақылау қою жолында табандылықпен күресіп келеміз.

Жақында жарыққа шыққан Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атом соғысының қатеріне қарсы Үндеуіне ССРО-да қол қойдыру науқанын өткізу жөніндегі Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарары біздің бейбітшілікті қорғау, халықтар достығын нығайту жөніндегі, сондай-ақ жанқыярлық бейбіт еңбегімізбен өз еліміздің экономикасын барған сайын күшейте берудегі негізгі мүдделерімізге толық сай келеді. Сондықтан да мен Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атом соғысын әзірлеуге қарсы Үндеуіне қол қойдыру науқаны елімізде басталысымен оған бірінші болып қол қоямын. Бейбітшілік ісі —әділ іс.

Б. СҮЛЕЙМЕНОВ,

Булаев МТС-і трактор бригадасының бригадирі.

Бейбітшілік—бақыт

Мен сатушымын. Өз жұмысымды жақсы көремін. Тұтынушылардың тілегін қанағаттандыруда аянбай адал еңбек етіп жүрмін. Әр айлық жоспарымды 140-150 проценттен кем орындап көрген емеспін. Мен істейтін магазинде совет халқының қажырлы еңбегімен, маңдай терімен жасалған товарлар: ботинкалар, галоштар, ботыйлар, жас балалардың тіпті сәбилердің де аяқ киімдері сатылады. Әрбір тұтынушы өзіне керекті товарын алғанда оның сапасына, көркемділігіне назар аударады.

Осы товарларды сатып тұрғанда, немесе жұмыстан бос сағаттарымда соғыс деген сұмырай сөз еске түссе, тұлабойым-

ғысқұмарлар атом, сутегі бомбаларын кезеніп, миллиондаған бейбіт еңбекшілерді қырғынға ұшыратуды көздейді.

Мен, барлық совет халқы сыяқты, бүкіл дүние жүзінің бейбітсүйгіш еңбекшілері сыяқты атом соғысына, халықты жаппай қырып жою соғысына қарсы екенімді білдіремін. Мұндай жан түршігерлік соғысты әзірлеп жатқан АҚШ және Англия билеп-төстеушілерінің арам ниетін жүзеге асырмауға барлық еңбекшілерді шақырамын. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуін бір кісідей қолдап, өзіміздің қаһарлы үнімізді естіртеміз. Соғысқа жол бермейміз!

Ә. БЕКТЕМОВА,

☆

Менің ойым

Мен Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерін бастан кешіргендердің бірімін. Екінші Украин майданындағы жауынгерлермен бірге Украинаны, Бессарабияны, Молдавияны, фашизм тепкісінде зар илеп келген Румыния мен Венгрияны азат етуге қатыстым. Азат етілген селолар мен қалалардан өтіп бара жатып, сұрапыл соғыстың сұмдық зардаптарын, қатал жаудың шектен тыс зұлымдығының іздерін өз көзіммен көрдім. Село орнында күл көрдім, сәулетті қала орнында тас пен кірпіш үйінділерін көрдім. Анасынан айырылып шырылдаған бала, баласын жоғалтып боздаған ана қазір де көз алдымнан кетпейді.

Қатардағы жауынгерден генералға дейін бұл сұмдықтың бітер күніне асыға ұмтылды. Біздің әрқайсымыздың кеудемізді кернеген ашу мен ыза, фашист аюандарға деген бітіспес өшпенділік түпкілікті жеңіске бастады. Әрбір совет жауынгері соғыс біткен сағатта майдан басында жығылған жаудың қара туын табанымен таптап тұрып, жеңіс салтанатын өткеруді тілек етті.

Ал менің өйтуіме болмай қалды. 1945 жылы 13 январьда Будапеште ауыр жараландым. Содан Тбилиси қаласындағы госпитальда емделіп, жарадан айыққаннан кейін сол жылы 8 майда үйге келдім. Ал ертеңгі күні таңертең ерте соғыстың жеңіспен аяқталғанын естідім. Сөйтіп, семьяммен табысып қарқ болған қуанышым ұлы қуанышпен жалғасты.

Соғыстың зор ауыртпалығын бастан кешірген біздің халық бейбітшіліктің қадірін біледі. Соғыс біте салысымен біз нелер үлкен міндеттерді шештік. Елді жарақаттан айықтырдық. Елімізді онан әрі қуаттандыра беруге жұмылдық. Алдымызда коммунизм деген жарқын болашақ бар. Оған жету жолында бізге көптеген жұмыстарды жүзеге асыру керек. Бірақ американ агрессорлары мен олар-

тыл анықтан келе жатқан колхоздар мен совхоздар да бар. Бұлаев ауданындағы «Гигант», Конюхов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы», Ленин ауданындағы «Новый путь» колхоздары мен Мамлют совхозында мал қыстатудың жайы қуанарлықтай. Бұларда қыстаулар жанынан жемшөп жеткілікті тасылып алынған, малды туралған, буланған азықпен және концентратпен азықтандыру ісі тыңғылықты ұйымдастырылған. Аталған шаруашылықтарда, әсресе ішті және төлдеген малдарды, жас төлдерді күту жұмысы айырықша тыңғылықты ұйымдастырылған. Осының нәтижесінде Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозында сиырлардан сауылған сүт мөлшері өткен жылғы осы мерзімдегіден екі есе артық болып отыр.

Алайда бірқатар аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқару комитеттері, колхоз басқармалары мен МТС, совхоз директорлары, олардың бастауыш партия ұйымдары мал қыстатудың кезіргі ең жауапты кезеңінде бұл жұмысқа басшылық пен бақылауды әлсіретіп алды. Осының салдарынан Ленин ауданындағы «Путь к коммунизму», «Еңбек» колхоздарында, Совет ауданының көпшілік колхоздарында соңғы кезде мал қыстатуды ұйымдастыруда ойсыраған олқылыққа жол берілген. Осы себепті Совет ауданының колхоздарында соңғы қорлық жасап, мәдени-тұрмыстық қажеттерін мұқият өтеп отыруға лайықты адамдар. Сондықтан партия, совет ұйымдары малшылардың мәдени-тұрмыстық қажетін өтеуге, сәйтіп олардың фермаларда жемісті еңбек етуіне қажетті жағдай жасауға міндетті.

Облысымыздың мал өсірушілері СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарына сәйкес қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды. Аудандық партия комитеттері, МТС аймақтарындағы партия топтары, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің бастауыш партия ұйымдары малшылардың бұл саяси және өндірістік өрлеуін бастай білуге, оларды бұл міндеттемелерін орындаудың басты шарты—мал қыстату маусымын үлгілі аяқтау күресіне жұмылдыра білуге тиіс.

Бұл күндері партия ұйымдары мал өсірушілер арасында үгіт- бұқаралық жұмысты алда тұрған шаруашылық міндеттерге байланыстыра пәрменді жүргізуі, үгітшілердің әңгімелерінде, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарда озат малшылардың тәжрибелерін кеңінен насихаттауы керек.

Барлық күш-мүмкіншілік мал қыстату маусымын үлгілі аяқтауға жұмылдырылсын.

★★★★★

БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ТЕХНИКАСЫ



Москваның Серго Орджоникидзе атындағы станок жасау заводында ауылшаруашылық машиналарының бөлшектерін өңдеу үшін автоматты жолды монтаждау аяқталып келеді. Автоматты жаңа жол 8 станоктан құралады және оның күрделі үлгіде өңделетін бөлшектерді беріп тұруға арналған жоғары адымдағыш транспортері бар. Автоматты жолды екі адам қамтыйтын болады.

СУРЕТТЕ: ауылшаруашылық машиналарының бөлшектерін өңдеуге арналған автоматты жаңа жол.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Әсия ТҰЛКІБАЕВА,
А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының технологі.

Бейбіттшілік лирикасы

1. МАТРОС

Дауылпаздай теңіздің,
Толқынды айдап ойнатқан.
Жас матрос күндіз-түн,
Жүзелі шарлап кемемен.

Қорықпайды дауылдан,
Тұлқынды айдап ойнатқан.
Сексенбейді жауыннан.
Түнерген бұлттан жай атқан.

Жүрген жоқ жат ниетпен,
Іздеп майдан атағын.
Жүзеді адал тілекпен —
Күзетіп бейбіт Отанын.

2. ОНЫҢ ЖАРЫ

Кездескендей гүлге бұлбұл,
Жақсы жаздың кешінде,
Сүйген жармен өткен сол жыл,
Қыздың әлі есінде.

Күткен кезде минут ұзақ,
Келер күнде қызық мол.
Шекараға кеткен ұзап,
Жарын тосып жүр ғой ол.

Сағынады сүйгенінің,
Шаттығы мен қызығын.
Амандығын ел шегінің,
Ойлайды ол күнұзын.

Әли МҰСАХАНОВ.

Бұлаев аудандық магазинінің сатушысы.

Бұған біздің айтарымыз мынау: қанқұйлы соғысқұмарлар біздің қорқыта алмайды. Бізге соғыстың керегі жоқ. Бізге бейбіттшілік керек. Біз атом қуатын адамзатты қырып- жою үшін емес, адамға қызмет ету үшін пайдалануды жақтаймыз. Біздің бейбіттшілігімізді әлсіз деп түсінетіндер мықтап қателеседі.

Х. АСЫЛБЕКОВ,
Ұлы Отан соғысының мүгедегі.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

1955 ЖЫЛЫ КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДА ШАЛҒЫНДАРДЫ КӨЛДЕТІП СУАРУ, ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ СУЛАНДЫРУ ҮШІН КӨКТЕМГІ ТАСҚЫН СУДЫ ЖӘНЕ ҚАР СУЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті көптеген колхоздар мен совхоздар шалғындар мен жайылымдарды суландыру үшін тасқын су мен қар суын нашар пайдаланып отырғанын атап көрсетті.

Жабайы құрылыстардың көмегі арқылы шабындық жерлерді көлдетіп суландырған және табиғи шөптердің өнімділігін 3—4 есе арттыруға жеткізген озат шаруашылықтардың тәжрибесі республиканың барлық колхоздары мен совхоздарының игілігіне айналдырылмай отыр. Аудандардың едәуір бөлегінде егістік жерлерді, шалғындар мен жайылымдарды суландыруды қамтамасыз ете алатын бөгеттер мен тоғандар салу жоспары жылдан- жылға орындалмай келеді. Осының барлығының салдарынан ылғалдың жетімсіздігінен шөп өнімін аз беретін жерлерді суландыруға пайдаланылатын орасан зор су қоры пайдаға аспай қалады.

Республиканың Су шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Совхоздар министрлігі, көптеген облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, МТС және совхоздар трестерінің директорлары колхоздар мен совхоздарда үстіміздегі жылы көлдетіп суару үшін жер өзірлеу және плотиналар, бөгеттер мен тоғандар салу жөніндегі жұмыстарды қанағаттанғысыз ұйымдастырды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігін, Совхоздар министрлігін, облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттерін көлдетіп суару әдісімен колхоздарда 2300 мың гектар аланда және совхоздарда 300 мың гектар аланда шабындық жерлерді суландыруды қамтамасыз етуге міндеттеді.

Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне әрбір колхоз бен совхозда шабындық жерлерді көлдетіп суару үшін тасқын суларды барынша толық пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар белгілеп, жүзеге асыруды, әрбір колхоз, МТС пен совхоз бойынша көлдетіп суару үшін плотиналар, бөгеттер мен тоғандар салу жөніндегі жұмыстардың жоспарын қарап, көлдетіп суару үшін бөгеттер, тоғандар және көлдетіп суару құрылыстарын салуға учаскелер іріктеп алу жөнінде дереу көмек көрсетуді, қажетті мөлшерде механизмдердің, транспорттың, жұмысшылардың бөлінуін қамтамасыз етуді ұсынды.

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті Су шаруашылығы министрлігін, Ауыл шаруашылығы министрлігін, Совхоздар министрлігін, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін мынаған міндеттеді:

Колхоздар мен совхоздарда барлық плотиналардың, жалдардың, дамбалардың, каналдардың және қондырмалы құрылыстардың техникалық жайын дереу тексеруді ұйымдастырып, қажетті жөндеу жұмыстарының көлемі белгіленсін, құрылыстарды жөндеу үшін жергілікті материалдар (шілік, тас, қамыс, сабан) дайындау және тасып жеткізу қамтамасыз етілсін, әрбір құрылыс жанында қажетті мөлшерде құрылыс материалдар қоры жасалсын;

Құрылыстарды тасқын судың бұзып кетуінен сақтау мақсатымен тасқын кезінде әрбір құрылысты күзететін бригадалар ұйымдастырылсын;

Облысаралық және ауданаралық маңызы бар су қорлары бойынша әрбір шаруашылықтың тасқын суды пайдалануына график жасап бекітілсін, көлдетіп суару учаскелеріне дөнес жерлерден су беру мерзімдерінің сақталуына қатаң бақылау қойылсын;

МТС-тердің, су шаруашылық органдары мен совхоздардың барлық жер қазғыш механизмдерін жөндеуді жұмыс басталғанға дейін аяқтап, оларды екі сменада жұмыс істеу үшін кадрлармен жабдықтау және әрбір механизатордың жұмыс нормасын орындауына жетісу керек;

Тасқын су мен қар суын тоқтату, бөгеттер мен тоғандар салу жөніндегі жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру мақсатымен, колхоздар мен совхоздарға облыстық ұйымдардан, аудандық атқару комитеттерінен, системалық басқармалар мен МТС терден мамандар—гидротехниктер, агрономдар мен жерге орналастырушылар жіберілсін;

Вегетациялық суару басталғанға дейін оңтүстік және шығыс облыстарда шабындықтарды, жайылымдар мен егістік жерлерді суару үшін су жіберуге кезігі суару жүйесінің каналдары пайдаланылсын.

Республиканың Су шаруашылығы мен Совхоздар министрліктеріне бөгеттер мен тоғандарды жобалау мерзімін барынша қысқарту, бұрыннан бар типті жобаларды жергілікті жағдайға сәйкес пайдалану және қажетті жобалау документтерін тікелей жұмыс орнында беруді ұйымдастыру тапсырылды.

Құдықтар, бөгеттер мен тоғандар салу жөнінде 1955 жылға тапсырма бекітілді. Колхоздар мен совхоздарда және мемлекет қорындағы жерлерде 4719 шахталы және трубалы құдықтар, 950 бөгеттер мен тоғандар салу белгіленді. Республиканың Су шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Совхоздар министрлігі салынған әрбір құдықты су тартатын механизммен және суаратын науалармен жабдықтауға міндетті.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін, трестер мен совхоздардың, МТС-тердің директорларын, ауылдық және селолық Советтерді шабындықтарды суару және жайылымдарды суландыру үшін тасқын су мен қар суын толық пайдалану, әрбір колхоз бен совхозда плотиналарды, бөгеттер мен тоғандарды мезгілінде салу жөніндегі жұмыстарды өрістетуге, бұл жұмыстарға колхозшылардың, совхоздар мен МТС-тердің жұмысшыларының жаппай қатысуын ұйымдастыруға міндетті. Сонымен қатар оларға көлдетіп суаруды, плотиналар, бөгеттер мен тоғандар салуды ұлғайту жолындағы бірлескен күрес СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі қаулысын орындау ісінде маңызды шара болып табылатынын колхозшыларға және МТС, совхоз жұмысшыларына кеңінен түсіндіру тапсырылды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Тындағы партиялық-саяси жұмыс

Біздің совхоздың облыс картасына түскеніне аз-ақ уақыт болды. Оның орналасқан жері Октябрь ауданының жеріндегі Қашқар көлінің маңындағы кедей жазықтық.

Кәзір көп қыйыншылықтар жеңілді. Бұдан бір жыл бұрынғы март айын көп жыл өткен алыс өмір ретінде ғана елестетеміз. Сол кездегі біздің барлық байлығымыз адамдар, ал шаруашылығымыз тек көсіліп жатқан жазық дала ғана болатын. Алғашқы кезде техника да аз болды. Дегенмен біз техниканың көптеп келетініне сеніп, оны асыға күттік. Кешікпей-ақ совхоздың адресіне ұзын составтарға тиелген тракторлар, плуггер, дискелі лущильниктер, культиваторлар және трактор бригадалары үшін ақ шатырлар көптеп келе бастады.

Бұл кезде совхоздың барлық адамдары үшін маңызды мәселелер шешілің жатты. Кімнің қай трактор бригадасында жұмыс істейтіні, оған қандай трактор беру керек екені, алғашқы бороздаңы кімге тапсыру сыяқты құрметті істер жөнінде қызу өңгіме болды. Жұртты шаттық қуаныш, жігерлі шабыт биледі. Совхозда коммунистер аз болса да, бастауыш партия ұйымы құрылып, жаңа қоныстанушылар арасында партиялық-саяси мәдени-ағарту жұмыстары басталды. Коммунистер мен комсомолцтердің іскерлік сапасын еске ала отырып, оларды жұмыстың жауапты участокгеріне орналастырдық. Партия ұйымы алғашқы күннен бастап жас жігіттер мен қыздарға олардың Отан алдындағы борышын түсіндіріп, қажырлы еңбекке бағыттады.

Дала жұмыстарында тракторшылар мен тіркеушілер күннен күнге еңбек үлгісін көрсетті. Алғашқы күндерден бастап № 1 трактор бригадасының трактористері Виктор Чернецов, Виктор Иванченко, Николай Шульженко, тіркеушілер Алексей Хоромилов, Вера Андреева 1,5—2 норма орындайтын болды. Дала жұмыстары кезінде коммунистер жаңа қоныстанушыларды еңбек өнімділігін арттыру, жанар және жағар майды үнемдеу, техниканы ұқыпты ұстап, тиімді пайдалану, қыйыншылықтарды жеңе білу күресіне жұмылдырды. Олар агрегаттар мен бригадалар арасындағы социалистік жарысты ұйымдастырушы болды.

Жұмыстың қауырт кезінде партия ұйымы ең қыйын жерде жұмыс істеуі үшін коммунистерді бір участоктен ауыстырып, екінші участокке жіберіп отырды. Партия ұйымының және партияда жоқ активтердің өсуіне байланысты жаңалық тапқыштардың саны барған сайын арта түсті. Сондықтан тың игеру жөніндегі маңызды міндеттің орындалуы есебінен үгіт коллективінің құрамын нығайтты. Үгіт коллективі саяси жұмыс ты мазмұнды ұйымдастыра отырып, озат тәжрибелерді насихаттауда, жұмысқа кедергі жасайтынның бәрін батыл сынауда партия ұйымы мен совхоз дирекциясының жауынгер көмекшісі болды.

Үгітшілердің басым көпшілігі жақсы ұйымдастырушылар және өндіріс озаттары болып табылады. Мәселен, комсомолка Андреева № 1 трактор бригадасында тіркеуші болып істеп, жұмыс нормасын әрқашан екі есе орындап отырды. Бригаданың есепшісі Мария Захарова өз жұмысын ұқыпты жүргізу арқылы механизаторлардың құрметіне белеңді. Электромеханик Анатолий Коневалов жөнінде де осыны айтуға болады. Партия бюросы, жеке коммунистер үгітшілермен үнемі нұсқау-кеңестерін өткізіп, оларды саяси жұмыстың түрлері мен әдістеріне үйретіп отырды. Мәселе әсресе өңгімелерді мазмұнды ұйымдастыру, совхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттермен байланыстыру, сөйтіп коллективті жаңа табыстарға жігерлендіру жөнінде болды.

Жаңа жерге қоныстанушылар арасында саяси жұмысты ұйымдастыруда совхоз басшылары мен мамандарын кеңінен қатыстырудың зор маңызы болды. Мәселен, совхоздың бас агрономы Нечипуренко жолдас және басқа агрономдар бригадаларда, жөндеу мастерскойында және басқа жұмыс участокгерінде колхоз ғалымы Мальцевтің әдісі бойынша топырақ өңдеу, қысқы агротехникалық шаралар жөнінде лекциялар оқып, жаңа қоныстанушылар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізді.

Совхоз коллективі арасында саяси жұмысты ұйымдастыруда қабырға газеті зор роль атқарып келеді. Бізде айына екі рет қабырға газеті, жаз күндері бригадаларда үш күнде бір рет жауынгерлік листоктар шығарылады. Онда өндіріс озаттарының тәжрибелері насихаттаумен бірге, жұмыстағы кемшіліктер батыл сыналады.

Партиялық-саяси жұмыстың мазмұны совхоз администрациясының жұмысына партиялық бақылауды күшейту міндетімен ұштастырыла жүргізіледі. Біз партия жыйналыстарында шаруашылық мәселелерді жиі талқылап, әрбір коммуниске нақтылы тапсырмалар береміз. Мұның өзі совхоз басшыларының тапсырылған жұмысқа жауапкершілігін арттырады.

Алайда, айта кету қажет, біздің бірқатар қабылдаған қарарларымыз біржақты болып келді. Ол біржақтылық мынада: шаруашылық мәселелер жөнінде қабылданған қарарлар совхоз директорының совхоз тұрғын үйлердің және өндірістік құрылыстың жоспарын орындауда бірқатар қыйыншылықтарға кездесті. Партия жыйналысында барлық коммунистердің құрылыс бригадаларында жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде қарар қабылданды. Осының нәтижесінде ауа райының қолайсыз жағдайына қарамастан аз уақыттың ішінде тұрғын үйлердің, асхананың, нан пісіретін орынның, уақытша жөндеу мастерскойы мен қоймалардың құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Партия ұйымы өткен жылы күз бойы совхоз директорын міндеттеп, сыйымдылығы 1500 тонна астық қоймасының құрылысын аяқтау жөнінде бірнеше қаулы алды. Алайда оның бәрі де тиісті нәтиже бермеді. Астық қоймасының құрылысы тек директорды ғана емес, барлық коммунистерді міндеттеп, бұл жұмысқа барлық үй шаруасындағы әйелдерді қатыстырған кезде ғана аяқталды.

Совхоз өткен жылы тың көтеру жөніндегі жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Партия ұйымы жоспардан тыс 1500 гектар тың игеру жөнінде инициатива көтерді. Бұл кезде кейбір мамандар жыртуға жарамды жер жоқ деседі айтып, итті іске қолдеңен тұрды. Коммунистер өздері қабылдаған қарардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен егіс далаларында болып, ондай мамандардың «дәлелін» жоққа шығарды. Сөйтіп жоспардан тыс 1500 гектар жер игерілді.

Совхоз коллективі өткен жылы 18 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеріп, зор сенімнің дәрежесінде болды. Коммунист Николай Шатов жолдас басқарған бригада социалистік жарыста бірінші орынға ие болып, облыстық комсомол комитеті мен совхоздар тресінің Ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды. Сонымен қатар, бригада тың игеру жөнінде одақ бойынша үшінші орынға ие болып БЛКЖО Орталық Комитетінің ауыспалы вымпелін, 2500 сом ақшалай сыйлық, ал бригаданың әрбір мүшесі БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталып, ақшалай 3 мың сом сыйлық алды.

Совхоз коллективі құрылыс жұмыстарын жүргізу жөнінде де бірқатар табыстарға ие болды. Ол өткен жылы 17 құрастырмалы үй, 20 саман үй, асхана, клуб, қызыл мүйіс үйлерінің және басқа өндірістік құрылыстарды жүргізді. Совхоз коллективі кәзір қажырлы еңбек үстінде. Бізде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмыстары аяқталды. Көктемде егін егілетін барлық алаңдарға қар қалың тоқтатылды. Тұқым тасу жұмысы қызу жүргізілуде. Совхоз коллективі көктемгі егісті 8-10

Петропавлдағы № 44 орта мектептің бірқатар оқушылары мектеп физика үйірмесінің мүшесі болып саналады. Олардың жасаған модельдерін оқушылар көрнекі құрал ретінде пайдаланады.

СУРЕТТЕ: 7 класс оқушылары физика үйірмесінің мүшелері Рудольф **Рыбаков** (солжақта) және Саша **Селин** өздері жасаған ток генераторының жұмыс істеуін байқап тұр.

Суретті түсірген А. **Розенштейн.**

* * *

Қарт ұста

Октябрь ауданындағы Ленин атындағы колхоздың ұстасы Нұрпейісов Қоспан қарт СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысынан кейін көктем егісіне керекті колхоздың 61 тырмасын жөндеп беруді міндетіне алған еді. Ол уәдесін мерзімінен бұрын орындап шықты.

Қ. Нұрпейісов 63 жаста. Осы өмірінің 26 жылын колхоздың ұсташылық қызметіне арнады. Колхоз барқармасы қарт ұстаның еңбегін бағалап, оған бірнеше сыйлықтар берді. Қоспан қарт кәзіргі күш қосымша міндеттеме алып, көктем егісіне керекті жабдықтарды жөндеу жұмысын қызу қолға алуда.

К. МАМЕТОВ.

664 қойдан 723 қозы

Воровский атындағы колхоздың (Ленин ауданы) тәжрибелі шопаны Василий Писаненко жолдас жыл сайын өзіне бекітіліп берілген аналық қойларды шығынсыз қоздатып, олардың қозыларын да аман сақтап келеді. Писаненко жолдастың қарамағында кәзір 1300 аналық қой бар. Бұдан кәзірдің өзінде 664 саулық қоздан, олардан 723 қозы алынды.

Осы колхоздың төл күтушісі Раиса

Петропавл темір жол торабында

ЖҮК ТИЕУ ЖОСПАРЫ АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАЛУДА

Бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындап шығу жолындағы күрес Петропавл жол торабында күн сайын күшейе түсуде.

Тоқшын станциясының (бастығы Есқов жолдас) коллективі дайындау орындарының қызметкерлерімен бірлесе жұмыс істей отырып, халық шаруашылығына қажетті жүктер тиеу, оларды түсіру жөніндегі март айының өндірістік тапсырмасын 106 процент етіп артығымен орындап шықты. Ал Ярмы станциясы (бастығы Шаканов жолдас) коллективінің бұл айда қол жеткен табысы бұдан да көрнекті болып шықты. Станция жұмысшылары март айының өндірістік тапсырмасын 15 күннің ішінде толығымен орындады. Коллектив мүшелері вагондарға жүктерді тығыздап тиеу әдісін кеңінен қолданып, жүк тиелетін әрбір вагонға жүкті жоспардағыдан біржарым -екі тоннаға дейін артық тиеп жөнелтіп отыруға жетісті. Соның нәтижесінде өткен айдың бірінші жартысының өзінде үш вагонға тиелетін жүктер жоспардағыдан артық жөнелтілді.

Халық шаруашылығына қажетті жүктерді мерзімінде қабылдап, жөнелтіп отырула Петухов станциясы (бастығы Колотов жолдас). Пьянково станциясы (бастығы Ковалевский жолдас) коллективтері де айтарлықтай еңбек етуде.

ВАГОНШЫЛАР ТАБЫСЫ

Петропавл вагон жөндеу депосының жұмысшылары мен инженер -техник қызметкерлері Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауы күні қарсаңында алған өндірістік міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Коллектив мүшелері содан кейін де қол жеткен табысты баянды ете отырып, еңбек қарқынын көміткен жоқ.

Депода бірсыпыра ұйымдық-техникалық жұмыстардың жүзеге асырылуы, өнімді қатаң график бойынша бірқалыпты шығарып отыруға жетісуге мүмкіндік туғызды. Кәзір депоның барлық цехтары міндеттелген айлық өндірістік тапсырманы үнемі мерзімінде және артығымен орындап отырады.

Бабушкин жолдас басқаратын вагондарды жылдық жөндеуден өткізетін цех коллективі еңбек өнімділігін арттырумен бірге, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын көптеп кемітуге жетісті. Цех адамдары март айында 44 вагонды жөндеуден өткізуге міндеттенсе, 16 жұмыс күні ішінде 65 вагон жөндеуден өткізілді.

Вагондарды орта жөндеуден өткізетін цех (мастері Поткорытов жолдас) коллективі де бұл күндері өнімді еңбек ете бастады. Коллектив мүшелері март айының бірінші жартысындағы өндірістік тапсырманы 104 процент етіп артығымен орындады.

Вагон жөндеу депосының барлық коллективі бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындап шығу үшін социалистік жарысты бұрынғыдан да кең көлемде өрістете жүргізуде.

ДИСПЕТЧЕРДІҢ БІР КҮНІ

Бұрнағы күні Қарағанды және Омбы жол бөлімдерінен шығып Петропавл арқылы өтетін поездардың графикте белгіленген уақытта жүргізілмеуінің салдарынан, Макушино участогінде көп составтар кідіріп қалды. Бұл составтарды рет-ретімен жүйелеп жөнелту міндеті жол торабының диспетчері Лобадры жолдаска жүктелді. Ол Петропавл станциясы мен Макушино станциясы аралығындағы барлық разъездермен, станциялармен тығыз байланыс жасап, сапардағы составтардың бірінен соң бірін жүйе-жүйесімен өткізуді қамтамасыз етті. Бұл күні 4070 тонна жүк тиелген составты алып шыққан машинист Коханг графикте белгіленген уақытта составты Макушино станциясына алып нығып, жолдағы станция, разъездерге бөгелместен, белгіленген уақытта Петропавл станциясына жеткізді.

Жол торабында ауыр жүк тиелген составтарды көптеп алып жүру жолындағы жарыс қызу қарқынмен жүргізілуде. Тек үстіміздегі айдың 15 күнінің өзінде Петропавл арқылы 650 ауыр жүк тиелген состав өткізілді. Бұл составтармен 150 мың тоннадан астам халық шаруашылығына қажетті жүктер жоспардағыдан артық тасымалданды.

К. АСАНОВ.

КОМБИНАТ ОЗАТТАРЫ

Совет ауданындағы аудандық өндіріс комбинатының барлық жұмысшы қызметкерлері 1-май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімділігін есепен арттырып, өнім сапасын жақсарта түсті.

Комбинат коллективі аудан еңбекшілерінің заказдарын орындаумен бірге, аяқкиім, мебель таңы басқа да халықтың

басқаратын өндіріс цехы айтарлықтай еңбек етіп жүр. Цех озаты жолшы Г. Кириченко өткен айда өзіне міндеттелген мемлекеттік тапсырманы 150 процентке орындап шықты. Сол сыяқты, Богослов, Зайчук және басқа да комбинат жұмысшылары социалистік жарыста алған міндеттемелерін үнемі 115 —120 процентке дейін артығымен орындады.

ең алдымен коммунистердің бұқара арасындағы ұйымдастыру, саяси жұмысына, партия ұйымының барлық механизаторлар мен жұмысшыларды және ауылшаруашылық мамандарын партия мен үкімет қойған міндетті орындау жолына жұмылдыра білуіне байланысты екені күннен-күнге айқын бола бастады.

Партия ұйымы саяси даярлығы бар, қолынан іс келетін коммунистер, комсомолецтер және партияда жоқ кадрлар бұйрықтары мен нұсқауларына ұқсап, бұл мәселелерді шешу жөніндегі міндеттерден бірқатар коммунистер тыс қалып келді. Партия ұйымы қазір бұл кемшілікті қайталамау жолында жұмыс істеуде. Біз партия жиналысы қабылдаған қарар бүкіл коммунистердің міндетін бейнелейтіндей, олардың оны орындауға белсене қатысуын қамтамасыз ететіндей болуын ескеріп отырмыз.

Бір мысал: өткен жылы күздікүні жұмыс күні ішінде өткізуді өзінің ең құрметті міндеті етіп қойып отыр.

Партия ұйымы өзінің жұмысын онан әрі жақсарта отырып, совхоз жұмысшыларын партия мен үкімет қойған міндеттерді жүзеге асыру жолындағы күреске белсендіре жұмылдырады.

Н. ЧАЛОВ,

Интернационал совхозы партия ұйымының секретары.

...мен колхозшылардың құрметіне бөленуде. Оның қарамағында 62 бұзау бар. Төл күтуші бұл төлдерді зоотехникалық -малдәрігерлік ережелерге сай күтіп, шығынсыз өсіруде.

К. ШӘКЕНОВ.

КІТАПХАНАЛАР ЖАҢА ӘДЕБИЕТТЕРМЕН ТОЛЫҚТЫРЫЛУДА

Облысымызда жыл сайын колхоз, совхоз және МТС кітапханаларының саны көбейіп, олар жаңа әдебиеттермен толықтырылуда. Облыстық мәдениет басқармасы облыстық кітап саудасы мекемесі арқылы жергілікті кітапханаларға 15 мың дана түрлі әдебиеттер жіберді. Олардың ішінде көркем, саяси, техникалық, ауыл шаруашылығы әдебиеттері, еңбек озаттарының тәжрибелерін насихаттайтын кітапшалар бар.

Ж. МЕРГЕНОВ.

...күнделікті көп керекcінетін товарларын мол және сапалы өндіріп, ауданның колхоз, совхоздарындағы, МТС-теріндегі магазиндері арқылы көптеп сата бастады.

Өндіріс комбинатында сменалық, айлық тапсырмаларын үнемі асыра орындайтын, өнімді тек жоғары сапада өндіретін озаттар саны күн санап көбейе түсуде. Мұнда әсресе Б. Бейсенбаев жолдас ...

Комбинат ... бесжылдыққа арналған ... тапсырманы 15 декабрьге дейін орындап шығу, шығарылатын өнімнің өзіндік құнын 10 процентке кеміту және өнім сапасын барған сайын жақсарта беру үшін қажырлылықпен күрес жүргізуде.

А. ЖАҒЫПАРОВ.

НАСИХАТШЫЛАРДЫҢ КЕЗЕКТІ СЕМИНАРЫ

Жақында Пресновка станицасында насихатшылардың кезекті екі күндік семинары болып өтті. Оған аудан партия оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен мектептердің насихатшылары қатысты. Насихатшылар партия тарихының әр тараулары бойынша, СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы туралы, ССРО Жоғарғы Советі екінші сессиясының тарихи қарарлары туралы, біздің облысымызда мал шаруашылығының берік жемшөп қорын жасаудағы жүгері егісінің маңызы туралы және басқа тақырыптарда бірнеше лекция тыңдады.

Тыңдаушы -насихатшыларға, әсресе Преснов МТС-нің бас агрономы Соколов жолдастың жүгері егісі туралы жасаған лекциясы зор табыспен өтті. Басқа тақырыптарда аудандық «Ударник» газетінің редакторы Корнилов, Преснов орта мектебінің мұғалімі Дмитриева, аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Кәрімбаев жолдастар лекция оқыды.

БАЙЛАНЫС МЕКЕМЕСІНДЕ

Преснов аудандық байланыс мекемесінде аптасына бір рет саяси информация өткізіліп тұрады. Бұл жұмыс аға почта агенті коммунист Лошманов жолдасқа тапсырылған. Лошманов жолдас почта қызметкерлерін коммунистік құрылыстағы таңдаулы адамдардың жұмысымен, еліміздің озат байланыс қызметкерлерінің тәжрибесімен таныстырады.

Бұқаралық-саяси жұмыстың тиянақты жүргізілуі байланыс қызметкерлерінің жұмысын жақсартуға игі әсерін тигізуде. Быйылғы жылы мекеменің табысы 923,2 мың сом болса, жоспардан тыс табыс 79,2 мың сомға жетті.

Кеңінен өрістетілген социалистік жарыс негізінде мекеменің көптеген қызметкерлері қосымша мамандықтарды да меңгеруде. Мәселен, телеграфта істеуші Вильцева, М. Дробышева жолдастар телефонистка мамандығына ие болды.

С. ТӨЛЕКОВ.

Аудандық газеттердің міндеттері

Біздің облысымызда жалпы тиражы 15 мың данадан астам 12 аудандық газет шығарылады. Аудандық газеттер колхоз өміріне өте-мөте жақын, олар ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне саяси тәрбие берудің сыннан өткен құралы, партия ұйымдарының қуатты қаруы болып табылады. Газеттер колхозды ауыл-селоның өмірін неғұрлым толық бейнелеп, партия ұйымдарының шын мәніндегі көмекшісі болуы үшін, аудандық партия комитеттері өздерінің баспасөз органдарына үнемі қамқорлық жасап, оларға нақтылы басшылық жасап отыруға, оларға саяси, шаруашылық және мәдени жұмыстың өзекті мәселелерін қалай жазу қажеттігін айтып отыруға тиіс.

Аудандық баспасөз біздің партиямыздың мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жауынгерлік программасы—СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолындағы күресте коллективтік насихатшы және үгітші, бұқараны ұйымдастырушы ретінде маңызды роль атқаруға тиіс. Аудандық газеттердің көпшілігі мұндай құрметті міндетті ойдағыдай орындап та келеді. Алайда аудандық газеттеріміз, егер де аудандық партия комитеттері олардың қызметіне күнбе-күн бағыт беріп отырған болса, өздеріне жүктелген міндеттерді әлдеқайда жақсы атқарар еді. Жасыратыны жоқ, біздің кейбір аудандық газеттеріміздің жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Облысымыздың көп тың жерлерді игеріп жатқан ірі-ірі екі ауданының —Булаев және Преснов аудандарының газеттеріне жасалған кейбір талдаудың нәтижелері бұл пікірімізге дәлел бола алады.

Булаев аудандық «Путь Ильича» газеті (редакторы Суханова жолдас) ауыл шаруашылығын өркендету саласында бірқатар келелі мәселелерді, олардың ішінде тың жерлерді игеру жөнінде мәселе көтерді. Газет ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің социалистік жарысының барысын көрсетіп отырады. Ол коммунистердің маркстік-лениндік оқуы жөнінде де көптеген мақалалар мен хабарларды жариялады.

Солай бола тұрса да газет материалдарының тақырыптары мен мазмұны СОКП Орталық Комитетінің қазіргі уақытта баспасөзге қойып отырған талаптарын қанағаттандырмайды. Редакцияның жұмысындағы негізгі кемшілік мынада: газеттің аудан еңбекшілерімен байланысы нашар, авторлар активі газетке жеткіліксіз қамтылады. Газет материалдары творчестволықпен, егжей-тегжейіне жете ойланып қорытылмайды. Соның салдарынан ауыл шаруашылығын өркендетудің, идеологиялық және партиялық-саяси жұмыстың көптеген мәселелері терең талдау жасалмай, атүсті баяндалады.

Қазіргі уақытта аудандық газеттердің аса маңызды міндеті көктемгі егіске дайындықтың, тұқым тасудың барысы туралы, мал қыстатуды үлгілі аяқтау туралы материалдарды оперативті жариялау болып отыр. Газеттер кемшіліктерді дер кезінде ашып, сылбыр басшыларды өткір сынға алып отыруға тиіс.

Астық өндірісін арттырудың ең зор резервтерінің бірі жүгері егісінің көлемін ұлғайту болып табылады. Соңғы уақыттың ішінде біздің көптеген аудандық газеттеріміз, мәселен, «Колхозное знамя» (Октябрь ауданы), «Сталинский путь» (Конюхов ауданы), «Знамя труда» (Мамлют ауданы) газеттері бұл бағалы дақылды нақтылы мысалдармен фактілер арқылы кеңінен насихаттай бастады.

Преснов аудандық «Ударник» газеті (редакторы Корнилов жолдас) СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын жүзеге асыруда аудан өмірін едәуір жақсы көрсетіп келеді. Газет елімізде болып жатқан күнделікті оқиғаларға кезінде іскерлікпен үн қосып отырады. Онда аудандағы озат тәжрибені толық баяндайтын бірқатар материалдар жарияланды. Мәселен, Преснов МТС-нің бас инженері Егоров жолдастың «Ауылшаруашылық техникасы толық пайдаланылсын»дейтін, гурт бригадирі Шейн жолдастың «Малдың жоғары өнімділігіне біз қалай жетісіп отырмыз» дейтін мақалалары және басқалары мазмұны жағынан әрі құнды, әрі тартымды жазылған. «Ударник» газеті аудандағы социалистік жарыстың барысына және жариялылығына көп көңіл бөліп отырады. Газет «Бүгін кім алда», «Қабылданған міндеттемені орындап шығайық» деген жалпы заголовоктермен бірнеше мақалаларды үзбей беріп келеді. Сондай-ақ, газетте «Біздің дабылымыздан кейін» деген рубрикалы материалдар да жиі жарияланады. Мұнда редакцияға түсіп жататын материалдардың әсері, еңбекшілер хаттарының тағдыры туралы айтылады.

Дегенмен «Ударник» газетінде елеулі олқылықтар да бар. Көптеген мақалалардың тілі солғын, материалдарды қорытуға творчестволықпен қарау, оларға көркем әдеби өң беру жағы әлі де ақсап жатыр. Бұқаралық -саяси жұмыс формальды көрсетіледі. Мұны мына бір факті де дәлелдер еді: бүкіл өткен жыл бойы және үстіміздегі жылдың үш айында газет бетінде бірде-бір үгітшінің өз жұмысының тәжрибесі жөнінде мақаласы жарияланған жоқ, партия ұйымдарының бірде-бір секретары газетте партиялық-саяси жұмысқа толық талдау бермеді. Газетте озат колхоздардың тәжрибесі де жеткіліксіз насихатталады. Ал январь Пленумының қарарларында нақ осы мәселеге, атап айтқанда алдыңғы қатарлы колхоздардың тәжрибесін қорытуға, сонымен бірге ауыл шаруашылығына басшылықты және деревнядағы партиялық-саяси жұмысты жақсарту мәселесіне елеулі назар аударылды ғой.

Аудандық газеттеріміздің бірсыпырасы әлі де болса тікелей колхоздарға, МТС-терге жақындай алмай отыр. Жекелеген редакторлардың газеттің кезекті номеріне қажет материалдарды телефон арқылы жыйнап алуы сирек емес. Мәселен, Петропавл ауданының «За коммунизм» газеті колхоз өмірін нашар жазады. Бұл газеттің бетінде әлдеқалай жазыла салған, оқушыны толқытпайтын, лепірме сөзге толы, маңызы кем мақалалар жиі ұшырайды. Көбінесе оларды атүсті, асығыс жазатындар да —сол редакция қызметкерлерінің өздері. «За коммунизм» газеті редакциясының қызметкерлері авторлар активінен қол үзіп, алдыңғы қатарлы колхоздар мен олардың таңдаулы адамдарының жетістіктері туралы хабарлар мен мақалаларды өздері жазады. Бірақ жазудың да жазуы болады ғой! Аталған газеттің қызметкерлері істің жайын, мәнісін үстірт қана білгендіктен, озаттардың тәжрибесін, олардың жұмыс әдісін толық ашып көрсете алмай келеді.

«За коммунизм» газетінің практикасында кездесіп жүрген бір жаман әдет бар. Газет беті көбінесе кең көлемді ресми материалдарға толы болады. Бұл, әрине, жергілікті материалдарды ұйымдастырғаннан гөрі әлдеқайда жеңіл де. Бірақ мұны қыйындықтан қашу дегеннен басқаша атауға да болмайды.

Амал не, мұндай фактілер бізде әлі де байқалады. Жекелеген аудандық газеттер оқушыны тартпайды, қызықсыз оқылады, оларда бірсарынды, кездейсоқ материалдар әлі көп. Кейбір аудандық партия комитеттері, газет редакциялары газеттің полиграфиялық көркемделуіне, басқаның сапасына жеткілікті көңіл бөлмейді.

Аудандық газеттер ауыл шаруашылығын өркендету мәселелерін СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март, январь Пленумдары қойған талаптар тұрғысынан баяндап, озаттардың тәжрибесін көптің игілігіне айналдырып отырулары керек. Аудандық газеттер топырақты өңдеудің және ауылшаруашылық дақылдарын егудің, өсірудің озат жаңа әдістерін ауылшаруашылық өндірісіне енгізуге әрдайым себепкер болып, кәсіпорындардың, сауда орындарының жұмысын көрсетіп отыруға, еңбекшілер арасындағы идеологиялық жұмыстың жайы туралы терең мазмұнды материалдар жазып отыруға тиіс.

Аудандық газеттер деревнядағы партиялық-саяси жұмысқа ерекше мән бере жазуы керек. Өйткені еңбекшілердің калың бұқарасы арасында бұқаралық-саяси жұмыстың нашар жүргізілуі ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде Коммунистік партия алға қойып отырған ұлы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру ісіне нұқсан келтіреді. Сондықтан да аудандық газеттер бұл мәселені жете ойластырып, партиялық-саяси жұмыстың тәжрибелерін кеңінен насихаттауға тиіс. Партиялық-саяси, партиялық-ұйымдастыру жұмыстарындағы кемшіліктерге, формальдылыққа тіпті де төзуге болмайды. Осыған байланысты аудандық газеттердің міндеті принципті сын мен өзара сынды кеңінен өрістету болып табылады. Партиялық-саяси жұмысқа науқаншылдықпен қарамай, бұл мәселені газет бетінен түспейтіндей ету керек.

Еңбекшілерді тәрбиелеу ісінде аудандық газеттерде халықаралық маңызы бар мәселелерді жазып отыру да үлкен роль атқарады. Алдымыздағы айда еліміз бойынша Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне қол қою науқаны басталады. Бүкіл баспасөзімізбен бірге аудандық газеттер де бұл іске ерекше мән беріп, тыс қалмауға тиіс. Аудандық газеттер еңбекшілердің калың көпшілігінің бейбітшіл ізгі ниетін бейнелейтін мақалаларды кәзірден бастап жариялай беруі керек.

Біздің халқымыз соғысты жақтамайды. Ол дүние жүзінде жаңа соғыс өртін тұтатуға әрекеттеніп отырған американ агрессорлары мен олардың сыбайластарының арандатушылық саясатын батыл айыптауда. Совет халқы, Коммунистік партия және Совет Үкметі бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнатуға ұмтылып отыр. Біздің мұндай ниетімізді бейбітшіліктің, социализм мен демократияның бүкіл біртұтас лагері толық қостауда. Алайда біздің бейбітшілікке ұмтылуымызды әлсіздіктің белгісі деп түсініп, соғыс өртін тұтандырушылар мықтап қателесіп отыр. Біздің халық соғысқа қарсы. Аудандық газеттеріміз халықтың осы ойын білдіретін трибунаға айналуға тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай шешу үшін аудандық газеттердің редакциялары авторлар активімен өздерінің байланысын кеңейтіп, олармен күнбе-күн жұмыс жүргізуі, өз қызметінде газет оқушылар бұқарасына арқа сүйеп отырулары қажет. Материалды творчестволықпен, байсалдылықпен іріктеп алып, қорыту және газетті шебер көркемдей білу керек болады.

Редакция қызметкерлері колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде жиі болып, ауданның шаруашылық өмірін жақсы білуге, бүкіл жаңалықты және озат істі дер кезінде көре біліп, оны неғұрлым жетімді формада, мазмұнды етіп таратып отыруға тиіс.

Е. ФЕЙГЕ,

Облыстық партия комитетінің нұсқаушысы.

Егісті тыңғылықты әзірлікпен қарсы алайық!

☆

Басты міндеттен тыс қалған

Чапаев МТС-і жұмысшылар комитетінің председателі Нуждина жолдастан кәсіподақ ұйымының қызметі жайында сұрай қалсаңыз, ол сіздің сұрағыңызға жауап бермес бұрын документтер мен қағаздар толтырылған ондаған папкаларды алдына үйе бастайды. Ойға шомып, шашыранды пікірін жыйнақтап болған соң, МТС-тегі 360 жұмысшының 323-і кәсіподақ мүшесі деп баяндайды. Тіпті комитет жанынан әртүрлі мәселелер жөнінде 6 комиссия ұйымдастырылғанын да асыға хабарлайды.

Шын мәнінде істің жайы мүлде басқаша. Жергілікті комитеттің бұқарамен байланысы нашар. Жұмыстың көпшілігі қағаз жүзінде ғана істеледі. Жөндеу мастерскойында МТС механизаторлары будан біржарым ай бұрын қабылдаған социалистік міндеттемелер жазу машинкасына басылып арнаулы тақтаға жапсырылған. Олардың бір-бірінен айырмашылығы сол цифрлары өзгертіліп басылады. Көшірмелері Нуждина жолдастың папкаларында сақталады. Бірақ ол социалистік міндеттемелердің орындалуы тексерілмейді.

—Рас, трактор жөндеу аяқталды. Әлі жыйналыс өткізе алмай келеміз. Мұның өзі есеп берерде әбден керек қой,—дейді Нуждина жолдас.

Жұмысшылар комитетінің мәдени-тұрмыс секторын басқарушы Шаталова жолдас та қоғамдық тапсырманы орындауға немкетті қараушылыққа салынған. Ол жұмысшылардың мәдени тұрмыстық жағдайын жақсарту жөнінде ешқандай жұмыс жүргізбей келеді. Мәселен жөндеушілердің жатақханасы жағылмайды, онда тазалық нашар, төсек-орын өте сирек ауыстырылады. Жұмысшылар комитетінің басшылары механизаторлар арасында сирек болады. МТС 1954 жылғы қабылданған коллективтік шартты орындай алмады. Жұмысшылардың айлық еңбекақылары мерзімінде төленбейді. Міне, жұмысшылар комитеті бұл мәселелерге осы күнге дейін көңіл бөлмей келеді.

МТС-те осы айдың екінші жартысында 1955 жылдың коллективтік шарты жасалып бітуге тиіс еді. Алайда жұмысшылар комитеті, оның председателі Нуждина жолдас, әлі күнге коллективтік шарттың жобасын, жаз айларында істелетін жұмыстардың жоспарын жасамай отыр. Ал аудандық партия комитетінің осы МТС аймағы бойынша секретары Швецов жолдас бұл кемшіліктерді көре біле тұрып, жұмысшылар комитетіне ешқандай практикалық көмек көрсетпейді.

МТС және совхоз қызметкерлері кәсіп-

☆

Көктемгі егіске әзірліктің барысы төзгісіз жағдайда

Совет ауданында көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының қазіргі барысы айтарлықтай емес. Егіс жұмыстары басталуына аз ғана уақыт қалса да, ауданның бірде- бір колхозы және МТС-і егіс жұмыстарын бастауға әзір емес.

Аудандық тұқым байқау лабораториясы колхоздарда 30 мың центнер тұқымдық дәннің шығымдылық сапасы нашар екендігін дәлелдегеніне екі-үш ай мерзім өтті. Бұл тұқымды колхоздардың әлдеқашан астық пункттерінен өнгіштігі мол тұқымға айырбастап алуларына мүмкіншіліктері болды. Амал қанша, колхоз, МТС, аудан басшылары тұқым айырбастауды күні бүгінге дейін ұйымдастырмай отыр. Бұған осы уақытқа дейін астық пункттеріне небары 5 мың центнер ғана жарамсыз тұқымның жеткізілгендігі, ал оның 1667 центнері ғана тасып алынғандығы толық дәлел. Шынында, колхоздардың қайсысында болсын тұқым тасуға күш көлігі, жұмыс адамы және автомашиналар бар. Мәселе осы мүмкіншіліктің пайдаланылмауында.

Жоғарыда егіс жұмыстарының көлемі зор екендігін атап көрсеттік. Көктемгі егісті қысқа мерзімде сапалы өткізу үшін тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын егіс жұмыстарына сапалы әзірлеу— басты міндеттердің бірі. Бұл істе аудан МТС-тері өте-мөте артта қалып келеді. Сартөмар МТС-інде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын аяқтауға барлық мүмкіншілік болды. МТС директоры Макаров және партия ұйымының секретары Макин жолдастардың егіс жұмыстарына әзірлікке жете назар аудармауларынан ғана МТС-те бұл жұмыстың барысы мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Осының салдарынан бұл МТС-те 9 трактор, 28 сеялка, 29 плуг, 26 культиватор жөнделген жоқ.

Совет МТС-нің қамтуындағы колхоздарда өткен жылы пар мен зябь көп дайындалды. Мұның өзі егістің дерлігі дайын жерге егілетінін көрсетеді. Сондықтан МТС басшылары жер өңдегіш және тұқым сепкіш ауылшаруашылық саймандарын жөндеу ісіне жете назар аударулары керек еді. Бірақ аталған МТС басшылары бұл мәселеге көңіл бөлмей келеді. Олай дейтініміз МТС-те әлі күнге дейін 42 сеялка, 47 плуг, 31 культиватор іске әзірленген жоқ.

Быйыл жемшөп үшін жүгері егісінің көлемі ғана колхоздарда 3 мың гектардан

оның жергілікті жерге тезінен жеткізілуін ұйымдастырулары керек еді. Бұл жағдайды Совет аткоміндегілер ескермеді. Осы себеппен ғана келген тұқым әлі күнге дейін астық пунктінде жатыр. Ал астық пунктіндегілер қай колхозға қанша тұқым беретіндіктерін білмейді де.

Ауданда көктемгі егіске әзірліктің барысы міне осындай төзгісіз жағдайда бола тұрса да, аудандық Совет аткомі бұл сияқты маңызды мәселеден тыс қалып келеді. Аудандық Совет аткомінің басшылары көктемгі дала жұмыстарына әзірліктің барысын атком мәжлісінде немесе аудандық Советтің сессиясында жиі- жиі талқылау, онда істегі орын алған кемшіліктерді жоюдың дереу шарасын белгілеу және оның мұқыят жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мәселелерімен атүсті ғана шұғылданатын болған. Ал атком мәжлісінде бұл жөнінде мәселелер қаралып, қаулылар қабылданса, оның орындалуы тексерілмейтін болған.

Бұл жөнінде аткомнің 27 декабрьде болып өткен мәжлісін мысалға алуға болады. Бұл мәжлісте көктемгі егіске әзірліктің барысы жөнінде Шағлы МТС-нің директоры Филиппов жолдастың есебі тыңдалды. Мәжлісте МТС- тің көктемгі егіске әзірлігінде елеулі кемшіліктердің барлығы, жөндеу жұмысының ойсыраған олқылыққа ұшырағандығы байқалды.

Атком бұл кемшіліктерді жоюға бағытталған төрт пунктті қаулы қабылдап, МТС басшыларын егіске әзірлік жұмыстарындағы кемшіліктерді тезінен жоюға міндеттеді. Міне бұл қаулының қабылданғанына үш айдай мерзім өтті. Содан бері МТС-тегі жағдай өзгерген жоқ. Әлі күнге дейін мұнда 11 трактор, 15 плуг, 9 сеялка, 8 культиватор жөнделмеген. Атком мүшелері өздері қабылдаған қаулының орындалуын қадағалау және бұл істе МТС басшыларына көмектесу мәселесімен мүлде шұғылданған жоқ. Аткомнің 7 мүшесінің бірде- біреуі үш айдан бері МТС-те болуды, сөйтіп, істегі жағдайды жедел жақсартуды қажет деп есептемеді.

Атап айту керек, аудандық Совет аткомінің мүшелері жергілікті жерде әкта-текте ғана болады. Олар көбінесе ауылшаруашылық жұмыстарының барысына телефон арқылы басшылық жасайды. Бұл жөнінде мысалға атком председателі Живулина жолдастың өзін алуға болады. Ол қыс бойы ауданның «Путь к коммунизму» колхозы мен Шағлы

☆

Міндеттеме орындалды

Ленин ауданындағы Образцовая МТС-нің механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын көктемгі дала жұмыстарына әзірлеуде қажырлылықпен еңбек етіп, аудан МТС-терінің ішінде жөндеу жұмыстарын бірінші болып аяқтады. МТС мастерскойында 89 трактор, 122 сеялка, 121 плуг, 61 культиватор сапалы жөнделді.

Өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарап, жөндеуде тапсырмаларын үнемі асыра орындаған механизаторлар станция да көптеп саналады. Мәселен, трактор бригадасының бригадирлері Парталов, Байбула, Маликов, трактористер Никонов, Никаноров, Белоусов, Чередниченко жолдастар күндік тапсырмаларын үнемі артық орындап, өнімді еңбек етудің тамаша үлгісін көрсетті. Сол сияқты мотор жөндеуде комбайншы Пархоменко, Капелюк жолдастар да қажырлы еңбек етті.

Тіркеу саймандарын жөндеуде Александр Попов жолдас басқарған бригаданың коллективі де айта қаларлықтай табыстарға ие болды. Осы бригаданың мүшесі Афанасьев, Завертяев, Стародумов жолдастар күндік тапсырмаларын 150—180 процент орындап келді.

МТС механизаторлары қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыруда колхозшыларға көп көмек көрсетті. Плешивцев жолдастың басқаруымен «Путь к социализму» колхозының 7850 гектар егістік жеріне МТС күшімен қалыңдығы 35—40 сантиметр біркелкі қар тоқтатылды. Сондай-ақ Хорольский жолдас Молотов атындағы колхозда 7600 гектар алаңға қар тоқтатып, бұл жөніндегі тапсырманы артығымен орындады.

Қазір станция механизаторлары көктемгі егіске әзірлікті барлық жағынан толық аяқтап шығу үшін бұрынғыдан да белсене еңбек етуде.

Қ. ШҰҢҒЫЛШИН,
(Өз тілшіміз).

Баяулыққа жол берілген

Октябрь ауданының Ленин атындағы колхозы ұйымдық-шаруашылық жағынан жылдан-жылға өсіп келеді. Тек алдымыздағы көктемнің өзінде колхоздың егіс көлемі өткен жылғыдан екі есе ұлғайтылғалы отыр. Бұл—өте қуанышты даму. Сонымен бірге бұл көктемді өткізуге өткен жылдардағыдан әлдеқайда қауырт дайындалу, әлдеқайда көп еңбектену керек екенін ұмытуға болмайды.

ҮЙРЕНЕ БІЛГЕН—ӨНЕРЛІ

...Залда электр жарығы сөнісімен кино бірден басталып кетті. Кең сахнадағы үлкен экранға сәулесі түскен киножурналдың мазмұнына сай музыка ойнап, диктордың дауысы естіле бастады. Оқушылардың қалай кино көрсететіндігін тамашалауға жыйналған залдағы балалар тым-тырыс болып, бар назарын экранға аудара қалды. Сөйткенше болмады, үш-төрт минуттан соң диктордың дауысы бірден үзіліп кетті. Ал экранда журнал жақсы көрінеді. Бұл неліктен? Алғашқы практикалық жұмыста ойда жоқ жерде кез болған бұл сәтсіздік жас механиктер үйірмесінің мүшелерін біраз састырып тастады.

—Абыржымаңдар, балалар. Одан да, диктордың дыбысы не себепті жоғалғанын ашып білейік, —деді бұған дейін проекторды басқарып жүргізген оқушылардың жұмысын бақылап тұрған үйірме жетекшісі Валентин Петрович Смирнов.

—Боря, аппаратты тоқтат... Кәні кім біледі?...

Бірден ешкім суырылып шыға қоймады. Сондықтан Валентин Петрович проектордан дыбыс оптикасын ажыратып алдырып, Юрий Зюкиннің қолына берді де:

—Жаңағы дыбыстың тоқтап қалуына осы оптика себеп болды, қарап қай жері бұзылғандығын айтып берші? —деді. —Басқаларың да ойланып көріңдер.

Үйірмешілер арасында бір сәт тыныштық орнады. Бәрі әлгі кішкене бөлшекті кезек-кезек аударыстырып, үңіле қарап жатыр. Әлден уақытта:

—Таптым, Валентин Петрович! —деген Юрийдің қуанышты даусы естілді. Оның күлімсіреген көкшіл көздері дыбыс оптикасының микрообъективіне қарап қадала қалыпты. Балалар бұрылып Зюкинге қарады.

—Дыбыс оптикасының ішінде жай көзге көрінер-көрінбес дыбыс сызықшасы деген болады. Проекциялық фонарьдан түскен жарық арқылы кинопленканың дыбыс жолдарына осы дыбыс сызықшасының сәулесі —дыбыс штрихы түседі. Егер кинофильм көрерда дыбыс оптикасы дұрыс реттелсе дыбыс штрихы пленкаға тігінен жатады да дыбыс жақсы болады. Ал дыбыс штрихы пленкаға қыйғаш жатса, дыбыс біркелкі болмайды, кейде мүлдем жойылып та кетеді.

Балалар практикалық іске қанша мұқыят әзірленсе де, осы «кішкентай» нәрсені естен шығарыпты. Сондықтан да бүгінгі жайға ұшырады. Юрий Зюкиннің бұл айтқанын Валентин Петрович толықтырып, тағы да түсіндірді. Осыдан кейін барып жаңа киножурналды көрсету мінсіз өтті...

Жас техниктердің облыстық станциясы өткен күзде құрылған болатын. Содан бергі уақыттың ішінде ол мектеп балаларының бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеуде, шеберлікке, өнерге баулуда едәуір жұмыстар жүргізді.

Алғашқы кезде шеге мен балғаны да дұрыс ұстай білмейтін оқушылар қазір көп нәрсені үйренді. Олардың алдында жемісті еңбектің қызықты картинасы ашылды. Станцияда жас киномеханиктер, фотографтар, ағаш шеберлері, химиктер, физиктер, жас автомобильшілер, радиотехниктер үйірмелері —барлығы 8 түрлі үйірме жұмыс істейді.

Мәселен, радиотехниктер үйірмесінің мүшелері көзімен көргені болмаса, қолына ұстамаған электр қалайылағышпен енді әртүрлі металл заттарды өздері еркін дәнекерлей алады, тістеуік, егеу, балға сияқты қарапайым аспаптарды пайдалануға икемдейді. Олар тіпті қалалық Пионерлер үйіне мектеп радиоторабын жабдықтап берді. Ал жас киномеханиктер ше? Мұнда да қызықты. Киноның біздің еліміздегі маңыз- мақсатымен танысқаннан кейін балалар киноаппаратураның құрылысын, жұмыс істеу принципін оқып үйренді. Қазір олар өздігінен кинофильмдер көрсетуге жаттығуға кірісті.

Жас механиктердің облыстық станциясының директоры Александр Иванович Калиберданың кабинетінде стол үстінде дәстерлеп жыйнаған, қолдан жасалған көп заттарды көруге болады. Олар ағаш шеберлері мен физиктер үйірмелері мүшелерінің қолынан шыққан бұйымдар. Міне, жел двигателінің макеті. Оны Калинин атындағы № 5 орта мектептің 7 класс оқушысы Ғ. Омаров жасапты.

Үйірмеде жасаған аспап саймандарын балалар жұмыста өздері де қолдануда. Мысалы, жас ағаш шеберлері үйірмесіндегілер қазір өздері істеген сүргілермен, сызғышпен, угольниктермен істейді.

Қазір станцияның түрлі үйірмелеріне қала мектептерінің 600-ге жуық оқушылары қатысып жүр. Жас техниктер үйірмелерінің санын бұдан да көбейтіп, техниканы меңгеруге өнер үйренуге деген балалардың ынталылығын арттыруды көздеп, станция дирекциясы қала комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, алдағы көктемгі каникулда үйірмешілер жасаған заттардың көрмесін ұйымдастырмақшы. Оған ауыл- село жас техниктері де қатысатын болады.

Х. МАРАТОВ.

Жылжымалы киноаппаратуралар

Халқымыздың материалдық әл-ауқаты дысымыздың ауыл- селоларында бұрын-

одағының облыстық комитеті Чапаев МТС жұмысшылар комитетінің жұмысындағы бұл сияқты кемшіліктерді жоюдың тиісті шараларын қарастырғаны жөн.

А. МАНУЙЛОВ.

ЖҮГЕРІ ӨСІРЕТІН ЗВЕНО

Петропавл ауданындағы Пушкин атындағы колхоздың колхозшылары өткен жылы сұрапылдың қорын жүгеріден едәуір молайтқан болатын. Колхозшылар быйылғы жылы да жүгері егуге зор мән бере отырып, бұл дақылдың көлемін өткен жылғыдан 15 есе ұлғайтпақ. Кәзір колхозда жүгері егуге әзірлік жұмыстары қызу жүргізілуде. Колхозда жүгері өсіретін звено ұйымдастырылып, оны басқаруға тәжрибелі егінші Фомин жолдас тағайындалды. Бұл күндері звено мүшелері жергілікті тыңайтқыштарды жинау, тұқым әзірлеу жұмыстарын үлгілі жүргізуде.

З. ҚАСКЕЕВ.

арттырылмақ. Рас аудан колхоздары үшін бұл дақылды егу— жаңа жұмыс. Бірқатар колхоздар әлі күнге дейін жүгері егісін егумен шұғылданған жоқ. Сондықтан кәзіргі уақытта колхоздар мен МТС-терде бұл іске әзірлік жұмыстарын кеңінен жүргізілуі керек.

Бірақ аудан колхоздарында жүгері егуге әзірліктің барысы мүлдем нашар екендігін айта кету керек. Бұған алдымен аудандық Совет атқомінің басшылары кінәлі. Оған бір мысал. Ауданның бірде- бір колхозында жүгері тұқымы жоқ. Рас, аудан орталығындағы астық пунктіне мемлекет қорынан жүгерінің 600 центнер тұқымы келгеніне біраз уақыт өтті. Бұл тұқым собығымен. Оны егуге әзірлеу үшін алдымен бірқатар жұмыстар жүргізілуі керек. Колхоздар жергілікті жерде дәнді собығынан ажыратуы үшін ұйымдастырады. Мұның өзі бірқатар жұмысшы күшін қажет етеді. Сондықтан аудандық Совет атқомі келген жүгері тұқымын дереу колхоздарға бөліп беріп, на сайлау мәселесімен болды. 5 ай мерзімнің ішінде Живулина жолдастың басқа колхоздар мен совхоздарда болмағанына және оның ауылшаруашылық жұмыстарының өзекті мәселесі—көктемгі егіске әзірліктің барысымен жете шұғылданбағанына таңымық бар. Сол сияқты, атком мүшелері Хорольский және Кордюкевич жолдастар да жергілікті жерлерде өте сирек болады, бола қалса шаруашылықтың бұл мәселесімен шұғылданбайды.

Міне осындай себептерден де аудан колхоздары мен совхоздары және МТС-тері егіс жұмыстарына әзірлікте елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Аудандық Совет атқомінің мүшелері бұдан тиісті қорытынды шығаруға, әрбір шаруашылықтың егіс жұмыстарына тыңғылықты әзірленуін қамтамасыз етуге міндетті.

Т. КӘДІРОВ,
СМИРНОВО. (Арнаулы тілшіміз).

Міне, бұл жарына келгенде колхозда осы уақытқа дейін жүргізілген жұмыс мүлдем қанағаттанғысыз. Тіпті колхоз көктемгі егіске мүлдем әзірліксіз отыр десек, асыра айтқандық болмас еді. Оған колхоздың не қар тоқтату, не тұқым әзірлеу жұмыстарын орындамай отырғаны толық дәлел.

Колхоз үстіміздегі жылы 6702 гектар егістік алаңға қар тоқтатуы керек еді, бұдан 4200 гектар жерге ғана қар тоқтатылды. Сондай-ақ мол өнімнің негізі болып табылатын тұқымнан екіжарым мың центнер жетпейді. Соның өзінде қолда бар тұқымды тазарту жұмысы ұйымдастырылмаған. Сондықтан колхозда алты жарым мың центнер тұқымның бір де центнері кондицияға жеткізілмеген.

Көктем күтпейді. Қалған тығыз уақыт ішінде колхоз басқармасы көктемгі егіске әзірлік ісін толық аяқтауы қамтамасыз ететін шұғыл шараларды іске асырулары қажет.

К. МАМЕТОВ.

жақсартуына байланысты олардың рухани тілегі де өсуде. Ауыл- село еңбекшілері жаңа кинофильмдерді, әсіресе, ауыл шаруашылығының озат тәжрибелерін насихаттайтын қысқа метражды фильмдерді көргісі келеді. Осыған байланысты ауыл- село еңбекшілерін қамтыйтын жылжымалы киноаппаратуралардың саны да жыл санап көбеюде.

Осы жылдың 1 апрелінен бастап обты жылжымалы киноаппаратураларға қосымша жаңадан алынған 21 киноаппаратура жұмыс істей бастайды. Олардың үшеуі Совет ауданына, үшеуі Ленин ауданына, ал қалғандары облыстың басқа аудандарына жіберілді. Жылжымалы киноаппаратуралардың көбеюі ауыл-село еңбекшілерін киномен қамтуды онан сайын жақсартуға мүмкіндік береді.

К. ХАМИТОВ.

ЖАҢА КЛУБТАР

Облысымыздың ауыл- село еңбекшілері Қостанай облысы, Таран ауданы еңбекшілерінің мәдени- ағарту мекемелерінің санын көбейтіп, олардың жұмысын жақсарту жөніндегі үндеуін қанағаттанғандықпен қарсы алған болатын.

Бұл күндері облыстың көптеген колхоздары жаңа клуб үйлерін салуда. Бұл үшін қаржы, құрылыс материалдары бөлінді. Петропавл ауданының Жамбыл атындағы колхозының клубы жақында пайдалануға беріледі. Мұнда 100 адамдық зал және басқа бөлмелер бар. Ауданның «Қазақстанның 30 жылдығы», Сталин атындағы колхоздарында да клуб үйін салу қызу қарқынмен жүргізілуде. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жаңа клуб үйінің 150 адамдық залы бар. Мұнда кітапхана және көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істейтін бөлмелер жабдықталмақ.

А. САҒЫНДЫҚОВ.

Малды жазғы жайылымда күтуге деркезінде дайындалайық

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы елімізде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді мейлінше арттыру міндетін қойып отыр. Облысымыздың колхозшылары мен машина-трактор станцияларының қызметкерлері бұл міндетті мүлтіксіз жүзеге асыру мақсатымен астық және мал шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде нақты шаралар белгілеуде.

Белгіленіп жатқан шаралардың ішінде мал шаруашылығы өнімдерін шұғыл өркендетудің негізі болып табылатын—малды жазғы жайылымда күтіп-бағу ісін ұйымдастыру жұмыстары көрнекті орын алуға тиіс. Облыс колхоздарында тың және тыңайған жерлерді онан әрі игерудің нәтижесінде бұрынғы шабындық және жайылымдық жерлердің едәуірі егістікке айналды, сөйтіп, малды жазғы уақытта да егістік есебінен азықтандыру ісіне көшу мүмкіншілігі туып отыр.

Бұл жағдай осы 1955 жылдан бастап-ақ сиырларды жаз қолда-лагерьлеп бағу ісін ұйымдастыруды, малды көкшөп конвейерімен қамтамасыз етуді іске асыруды талап етеді.

Малды қолда лагерьлеп бағу ісі—мал шаруашылығын өркендетудегі ең прогрессивтік әдіс болып есептелінеді. Ол мал шаруашылығы үшін керекті азық дайындау жұмыстарын жоғары агротехникалық талаптарға сай жүргізуді керек етеді. Бұл система мал шаруашылығы жұмысын ұйымдастыруда жерді мейлінше тиімді пайдалануды және гектар есебімен балағанда алынатын мал шаруашылығы өнімдерін барынша көп алуды қамтамасыз етеді. Үстіміздегі жылы малды жазғы жайылымда күтіп-бағу ісін дұрыс жоспарлап, ойдағыдай ұйымдастыру үшін колхоз басқармалары, ауыл шаруашылығының мамандары мен мал фермаларының қызметкерлері қоғамдық мал шаруашылығының балауса жемшөп жөніндегі қажетін толық қанағаттанарлық мөлшерде әзірлеуді есептеулері қажет.

Балауса жемшөпті жоспарлағанда, алдымен оның қандай жолмен алынатынын: қаншасы табиғи жайылымдықтардан, қай айда, қаншадан алынатынын және қаншасы көкшөп конвейеріне арналып себілген малазықтық дақылдар есебінен алынатынын есептен шығару керек. Әрбір малға көкшөп конвейері тәулігіне килограмм есебімен: сиырларға —60, құнажындарға —40, бойдақ құнажын,-құнаншығарларға—30, алты айға дейінгі жас малдарға—10, қойға орта есеппен—8, жылқыға—40 және шошқаға (торайларды қосқанда)— 20 килограмнан есептелу керек.

Табиғи жайылымдықтардан алынатын балауса шөптің өнімін алдын-ала есептеуде ауа райының жағдайына ерекше көңіл бөлген жөн. Жалпы алғанда, әр гектардан бір маусымда 15—20 центнер өнім алуға болады. Мұның 45—60 процент маусымның бірінші кезеңінде, 15—20 процент —екінші кезеңінде, қалған 25—35 процент үшінші кезеңінде пайдаланылады. Қоғамдық малды табиғи жайылымдықтардан алынатын балауса жемшөппен қамтамасыз етуде бұл жерлердің бірқатар бөлегін колхозшылардың жеке меншіктегі малдарын жаюға қалдыру қажет.

Ай сайын балауса жемшөптің қанша керек екенін есептеп шығарғаннан кейін малазықтық дақылдардың осы мөлшерге байланыстырыла егілуі іске асырылуы қажет.

Біздің облыс жағдайында табиғи жайылымдармен аралас пайдаланыла тын көкшөп конвейері үшін малазығындық мына дақылдарды егуді ұсынуға болады:

Дақылдардың түрлері	Себу мерзімі	Өсімдікті пайдалануға дейінгі мерзім (күн есебімен)	Пайдалану мөлшері		Әр гектардан алынатын көкшөп (ц есебімен)	Өсудің қай кезеңінде пайдаланылады	
			Күн саны	пайдалану мерзімі		басталуы	аяқталуы
Табиғи жайылымдық	—	—	140—150	—	15—25	—	—
Күздік қарабидай	15-VIII дейін	—	25—30	25-V25-VI	50—60	түптену	масақтану
Бұршақ тұқымды—сұлы қосындысы немесе сұлы	I-V—10-VI	40—45	15—20	25-VI—5-VII	50—60	масақтану	гүлдену
Чумиза, могар, суданка	15-V—20-VI	50—60	20—25	15-VII—10-IX	60—70	шашақтану	қамырлану
Күнбағыс	күз немесе I—20-V	50—60	15—20	I-VII—10-VIII	60—70	табақтанар алдында	табақтанған кезде
Жүгері	20—30-V	50—60	20—30	20-VII—20-VIII	70—80	35—40 см биіктікте	гүлдену
Жаз егілген қарабидай	10-VI дейін	55—60	30—45	10-VII—5-X	50—60	түптеу	түптеу
Көпжылдық шөп	—	—	—	25-V—10-VII	50—60	15—20 см биіктікте	масақтану
Турнепс	20-V дейін	95—105	20—30	I-IX—I-X	90—100	пісу	пісу
Асқабақ, қарбыз	—»—	80—90	—	20-VII—бастап	80—90	—»—	—»—
қызылша	15-V—»—	115—125	—	10-IX—»—	80—90	—»—	—»—

Әр фермадағы мал құрамына қарай көкшөп конвейері де әр түрлі жасалады. Мысалы, ірі қарамалға көкше азықтарды көктемнің бастапқы кезінде шабылған күйінде берген, ал көкшөп конвейерін ерте көктемде пайдаланған жөн. Сондықтан бұлар үшін көкшөп конвейеріне егілетін дақылдар биік өсетіндер болуға тиіс.

Шошқаға арналған көкшөп конвейерінде бұршақтұқымды шөптер, тамыртүйнекті және бақша дақылдары ерекше орын алады. Шошқаға бұл дақылдарды қолдан беруге де және жайып азықтандыруға да болады.

Қой үшін арналған көкшөп конвейерін де жайып оттататын күздік қарабидай және көктемде егілген көпжылдық дәнді-бұршақтұқымдас шөптер қосындысы болуы керек.

Ірі қарамалды жаз қолда бағу кезінде лагерьдің негұрлым көкшөп конвейерлері мен суаттарға жақын орналасқаны жөн. Сондай-ақ табиғи жайылымдықтар да жақын болуға тиіс. Малды жаз қолда-лагерьлеп бағу үшін жасалған қоралар еденмен, оттықтармен қамтамасыз етілуге тиіс.

Малды жаз күтіп-бағу системасында табиғи жайылымдықтар мен көкшөп конвейерін пайдалану ісі ерекше роль атқарады.

Қолда бар табиғи жайылымдықтар жекелеген фермалар мен табындарға бекітіліп берілуге. тиіс. Әрбір табындар мен отарларға бөлінген жайылым участогі кемінде 6—8 загонға бөлінеді. Әрбір жайылымдық загон 5—6 күн пайдаланылады. Пайдаланылып қалған загонның шөбінің биіктігі кемінде 4 сантиметр болуға тиіс.

Жайылымдық аланды бұлайша, загонды системамен пайдалану мал жыйылған жердің шөбі 25—40 күн ішінде қайтадан өсуіне және жайылымдықты мейлінше тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Көптеген шаруашылықтардың тәжрибесі мал жайылымдарын загонды системамен пайдаланғанда оның өнімі 25—35 процент артатындығын және мал шаруашылығы өнімдерінің ұлғая түсетінін көрсетіп отыр. Сондықтан да малдарды қалай болса-солай жаюға қатаң тыйым салынып, барлық жерлерде загонды системаның кең қолданылуына жағдай туғызу керек.

Облысымыздың бірсыпыра шаруашылықтарында малды қар ерісімен іле жайылымға шығару сияқты қате практика орын алуда. Ғылым мен практиканың дәлелдегеніндей малды далаға жаю мерзімі көктің биіктігі 8—10 сантиметрге жеткенінде басталуға тиіс.

Көкшөп конвейерін пайдалану ісі табиғи жайылымдықтардың мөлшерімен және сапасына тығыз байланысты жүргізілуі керек. Егер табиғи жайылымдық көп болса, онда малға күніне бір-екі рет қана үстеп көкше беру де жеткілікті. Керісінше, табиғи жайылымдық аз болса, онда малға кемінде 3—4 рет көкшөп конвейері арқылы азық берілуі қажет.

Егер облысымыздың колхоздары қолда бар табиғи жайылымдықтың үстіне үстіміздегі жылы сауын малдар үшін тек 0,6 гектар ғана малазықтық дақылдар егетін болса және малды қолда-лагерьлеп бағу ісін дұрыс ұйымдастырса, тек осының өзі ғана жазғы жайылым кезінде әрбір сиырдан кемінде 1100—1200 килограмм сүт алуды қамтамасыз етеді, немесе өткен жылғыдан 200—300 килограмм сүт артық алынады.

Малды жаз қолда-лагерьлеп бағу ісі—біздің облыс колхоздарында жаңа іс. Сондықтан бұл мәселе мал фермалары қызметкерлерінің, МТС мал мамандарының іске творчестволықпен кірісуін талап етеді.

Үстіміздегі жылғы малды қолда-лагерьлеп бағу ісіне дайындықты деркезінде аяқтап, оны ұйымдасқан түрде өткізу СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысын орындауға келелі үлес қосқандық болып есептелінеді.

Зоотехниктер Н. ФИЛИППОВ,
В. ГМЫЗИН.

Поляк үкметінің Швеция мен Швейцария үкметтеріне мәлімдемесі

ВАРШАВА, 23 март. (СОТА). Поляк телеграф агенттігі былай деп хабарлайды: Швеция мен Швейцария үкметтері Қытай Халық Республикасы мен АҚШ үкметтеріне жолданған ескертпе хаттардың мазмұнын осы жылғы 27 январьда Поляк үкметіне хабарлаған болатын. Бұл ескертпе хаттарда Швеция мен Швейцария үкметтері Кореядағы уақытша бітімді қадағалау жөнінде бейтарап мемлекеттердің өкілдерінен құрылған комиссияны жоюды немесе комиссияның қызметшілерін азайту жолымен оның жұмысына шек қоюды жақтайтынын айтқан.

Жоғарыда көрсетілгендерге байланысты Поляк Халық Республикасының Стокгольмдегі және Берндегі дипломатиялық өкілдері Швеция мен Швейцария үкметтеріне бір мазмұнды ескертпе хаттар жолдады.

Бұл хаттарда Поляк Халық Республикасының үкметі былай деп атап көрсеткті: бейтарап мемлекеттердің өкілдерінен құрылған Кореядағы комиссияға қатысуға келіскен уақытта, ол өзінің бұл қатысуымен корей мәселесін бейбіттіліктің баянды түрде реттеуге көмектесеміз деген пікірге сүйенген болатын. Корей проблемасын бейбіттіліктің шешуге мүддені емес белгілі топтардың кінәсінен бұл мақсатқа әлі күнге дейін толық қол жетпесе де, дегенмен Поляк Халық Республикасының үкметі комиссияның өмір сүруі және оның уақытша бітімді қадағалауы —Кореямен бүкіл дүние жүзінде бейбіттіліктің сақтаудың маңызды, пайдалы факторы деп санайды.

Уақытша бітімді қадағалау жөніндегі комиссияның екі жылдан бергі дерлік жұмысы комиссияның өз міндеттерін пәрменді және пайдалы түрде орындай алатынын көрсетті. Сондықтан Поляк Халық Республикасының үкметі уақытша бітімді қадағалау жөнінде бейтарап мемлекеттердің өкілдерінен құрылған комиссияны сақтауды және оның жұмысына бұдан былай да қатыса беруді қажет деп санайды.

Сонымен бірге Польшаның үкметі комиссияның қызметшілерін азайту туралы мәселені комиссияға қатысушы мемлекеттер арасында келісу жолымен, бірақ бұл азайту уақытша бітім туралы келісім мен белгіленген міндеттерді комиссияның орындауына бөгет болмайтындай жағдайда ғана талқылауға болады деп санайды.

Францияның республика Советінде айтыстың басталуы

ПАРИЖ, 23 март. (СОТА). Бүгін түстен кейін республика Советінде Батыс Германияны қаруландыруды көздейтін Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе жөнінде айтыс басталды.

Республика Советі — француз парламентінің екінші палатасы—ол Ұлттық жиналыс бірінші рет оқып мақұлдаған заң жобаларын қарайды. Ол заң жобаларына түзетулер енгізуге немесе өзінің тілектерін айтуға праволы. Ұлттық жиналыс пен республика Советі арасында алауыздықтар бола қалғандай жағдайда заң жобаларының жұз күнге дейін бір палатадан екінші палатаға бірнеше рет ауысып отыруы мүмкін. Егер бұл уақыттың ішінде палаталар арасында келісімге қол жетпесе, онда заң жобасы жөнінде тұжырымды қарар қабылдау правосы Ұлттық жиналысқа беріледі.

Республика Советінің кәзір 319 мүшесі бар. Реакциялық сайлау заңы негізінде республика Советінің құрамы жаңартылғаннан кейін оңшыл партиялар мен топтар осы палатада орындардың көпшілігін басып алды. Коммунистік топта 16 сенатор бар.

Айтыс пиеленіскен жағдайда басталды. Бүгін таңертеңнің өзінде-ақ жарыссөзде сөйлеуге 42 шешен жазылды. Барлық айла-әрекеттер мен қулық-сұмдық «бақылау» құралы болады-мыс деп француз жұртшылығының көзін жеткізуге тырысқан әрекетті көрсетеді.

МРП («халықтық-республикалық қозғалыс») мүшесі Куде дю Форесто өнеркәсіп өндірісі комиссиясының атынан Саар туралы келісімге түзету енгізді, бұл түзету тек экономикалық ынтымақ туралы Франция-Саар конвенциясы жасалғаннан кейін де ғана бекіту грамоталарын алысуды көздейді.

«Солшыл республикашылдар бірлестігінің» мүшелері Пэнтон мен Реста түзету енгізді, бұл түзетуде Париж келісімдерін бекіту жөніндегі парламенттің қарары тек 1955 жылы 1 августан бастап қана күшіне кіретін болсын деп ұсынылған. Бұл мерзімнің ішінде Батыс елдерінің (АҚШ-тың, Францияның және Англияның) үкметтері «1954 жылғы 11 июньдегі Франция-Британия ұсыныстары негізінде жаппай қарусыздандыру» шарттары туралы, «сонымен қатар Германия мен Австрияға қатысы бар мәселелерді реттеу шарттары туралы» Совет Одағының үкметімен келіссөздер жүргізуге тиіс. Түзетудің авторлары бұдан кейін жоғарыда аталып өткен «Европалық қару-жарақ агенттігін» құруды ұсынған.

Ақырында, «тәуелсіз республикашыл» Марсиласи да дәл осы «қару-жарақ агент

ССРО МЕН ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАЙЫНДА

ССРО Сыртқы сауда министрлігі мен Герман Демократиялық Республикасы Сауда делегациясының арасында жүргізілген сауда келіссөздерінің табысты аяқталуының нәтижесінде, үстіміздегі жылғы 24 мартта Москвада ССР Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы арасында 1955 жылы өзара товар алысып-берісу туралы Протоколға қол қойылған.

Совет Одағы Герман Демократиялық Республикасына астық, мақта, қара және түсті металл, тас көмір, мұнай, кокс, темір, марганец пен хром рудаларын, автомашиналар және басқа товарларды Герман Демократиялық Республикасының қажетсінуіндей беретін болады. Герман Демократиялық Республикасы Совет Одағына теңіз және өзен кемелерін, вагондар, прокат, көтергіш-транспорттық, уста-пресс және басқа жабдықтарды, сонымен бірге ССРО-ға өткен жылы берілген басқа да товарларды беретін болады.

Протоколға қол қойғандар: Совет жағынан —Сыртқы сауда министрінің бірінші орынбасары С. А. Борисов, Герман Демократиялық Республикасы жағынан— Сыртқы және ішкігерманиялық сауда министрлігінің статс-секретары К. Грегор.

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ БОЛГАРИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҒЫЛМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

СОФИЯ, 24 март. (СОТА). Кеше Софияда Қытай Халық Республикасы мен Болгар Халық Республикасы арасындағы ғылми-техникалық ынтымақ туралы келісімге қол қойылған, бұл келісімде халық шаруашылығының барлық салаларында да тәжрибе алмасу қарастырылған. Екі жақ та өзара және ақысыз-пұлсыз техникалық документациялар беруге, тиісті информациялар алысып отыруға және екі елдің де техникалық көмек көрсету және ғылми-техникалық салада қол жеткен табыстармен таныстыру үшін мамандар жіберуге келіскен.

Келісімге бес жыл мерзімге қол қойылған.

ҚЫТАЙДЫ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ

ПЕКИН, 24 март. (СОТА). Бүгін «Гунженьжибао» газетінің хабарлауына қарағанда, үстіміздегі жылы Қытайда толығымен немесе ішінара отыздан астам электр станциясы қатарға қосылады. Бұлардың жалпы қуаты өткен жылы пайда лануға берілген электр станцияларының қуаттылығынан 90 процентпен гөрі артығырақ болмақ.

1955 жылдың екінші жартысында Фушунь және Фусинь электр станцияларына орнатылған жаңа агрегаттар ток беретін болады. Бұл электр станциялары

Түркия Сирияға қарулы интервенция қатерін төндіруде

СИРИЯНЫ ОҚШАУЛАНДЫРУДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

КАИР, 24 март. (СОТА). Каир радиосы Сирия газеттерінің хабарларына сүйеніп отырып, былай деп хабарлайды: түрік әскерлері Сирия шекараларына келтірілуде. «Аль-Ахрам» газетінің Дамаскідегі тілшісі былай деп жазады: ірі қарулы күштер, атап айтқанда, Гази-Антеб ауданына келтірілген. Газеттің мәлімдеуінше қарағанда, түрік әскери бөлімдерінің Сирия шекарасында топтастырылуы, Сирияны түрік-ирак шартына қатыстыруға мәжбүр етпекші болған американдық саясатты жүргізушілік ролін орындап отырған түрік үкметінің әрекетіне тікелей байланысты.

Мәндерес және Нури Саид үкметтерінің «Түркия мен Ирак арасындағы өзара ынтымақ туралы» шарттың жасалуы Сирияны оқшаулауды қарастыратынын шетел баспасөздері бірнеше рет атап көрсеткен болатын. 1939 жылы Сириядан Александретт Санджақты бөліп алған Түркия, бұған қоса Алеппо ауданын күшпен басып алуға ниеттенін отыр. Ал Сирия территориясының қалған бөлігін жобалап отырған «Сирия-ирак федерациясына» қосып жібермек.

Кәирдегі хабарға қанық топтарда бұл басқыншылық жоспарлар американ-ағылшын келісімінің нәтижесінде жасалды, бұл жоспар бойынша Англияның түрк-ирак шартын қолдауына айырбас ретінде Иракқа Сирияның үлкен бөлігін күшпен басып алуға кедергі жасамауға АҚШ уәде еткен. «Былай деуге барлық негіздер бар, —деп жазады «Аль-Ахрам» газеті, —Нури Саид батыстан «қайырымды жарты ай» жобасының жүзеге асырылуын қолдауға уәде алған, мұның өзі ең алдымен Сирияға қатер төндіреді». Жуық арада кәзіргі шекарасы бойынша Сирия территориясына қол сұғылмайтындығына кепілдеме сұраған Сирия үкметіне өтінішін АҚШ пен Англия қабылдамай тастады, деп көрсетуде. Атап көрсетуге қарағанда, АҚШ пен Англия 1950 жылғы майда олар Франциямен бірігіп, Таяу Шығыста Статус-Кволы сақтау туралы декларация жасағанына қарамастан, мұндай кепілмеде берудан бас тартқан.

СТАМБУЛ. 24 март. (СОТА). Түрік баспасөзі Сирияға қарсы жүгенсіз және ашық айдап салу науқанын әлі де жүргізуде. «Ени-Сабах» газеті Сирияны түрктің билеуші топтары жүріп отырған американдық бағытқа еруге шақырады, өйткені күнде «Түркия өзімен көршілес елде болып жатқан жағдайдың тілсіз зәрмәлі болып қала алмайды» деп қорқытады.

«Дюнья» газеті Сирияның Сабри Асали үкметінен «іс жүзіндегі шындықпен келісіп, оның алдында басын июді» және түрк-ирак соғыс договорына қосылуды талап етеді. Бұл неғұрлым тез орындалса, деп жазады газет, «кейбір келісімсіз оқиғалар» солғұрлым тез алдын-ала тоқтатылатын болады.

«Хюрриет» газеті арсыздықпен былай деп мәлімдейді: Сирияның кәзіргі үкметі «Түркияға бірден-ақ ұнамаған еді», сондықтан «сириялықтар» «оларға Түркиямен достықпен өмір сүруге бөгет жасайтын» кейбір «кедергілерді» жоюға тиіс, басқа сөзбен айтқанда Сирияның кәзіргі үкметін құлатуға тиіс.

Стамбулдың журналист топтарында Мәндерес үкметі Сирияға қысым жасау жолымен бұл елде мемлекет төңкерісін ұйымдастыруды жеңілдетуден және өкмет басына Орташығыстық соғыс блогіне қатысуға келісім беретін үкметтің келуінен үмітт ететін көрінеді.

НЬЮ-ЙОРК, 24 март. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің тілшісі Дамаскіден былай деп хабарлайды: Сирияның сыртқы істер министрі Халед Азем АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Совет Одағының, Индияның, Пакистанның, Бельгияның, Жапонияның және Иракның дипломатиялық өкілдерін шақырып алып, оларға түрк-сирия қатынастарында туып отырған шиеленіс туралы хабарлаған.

АРАБ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ АҚШ ПЕН ТҮРКИЯНЫҢ СИРИЯ ІСТЕРІНЕ АРАЛАСУЫН АЙЫПТАУДА

БЕЙРУТ, 24 март. (СОТА). Дамаскіде шығатын «Ан-Нур» газеті былай деп жазады: «Сирияның халқы, жұртшылық пікірі және баспасөзі Түркияның Сирияға қарсы ашық жүргізіп отырған арандатушылығын ашулы-ызамен айыптауда. Сирия халқы қорқытушылық пен арандатушылықтан қорықпайды. Ол өз ісін дұрыс деп есептейді. Американың колониясына айналып отырған Түркия өзінің тіміскілеңушілігінің ешкімді де қорқыта алмайтындығын және Түркия өз атынан емтене де істей алмай, өзінің қожасы— уақытта да «қозы», ал Мәндерес «қасқыр» бола алмайтындығын түріктің билеушілері есінде берік сақтауға тиіс.

Газеттің хабарлауына қарағанда, Ливанның саяси партиялары мен ұйымдарының жуық арада өткізілген кеңесінде сайланған бюро Сирияға және басқа араб елдеріне жасалып отырған түріктік арандатушылық қысымды талқылап, мынадай қарар қабылдады:

1. Ливанның президенті Шамуннан оның Түркияға баратын сапарынан бас тартуын талап ету.

ПРЕМЬЕР- МИНИСТР НЕРУДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 23 март. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабар еткеніндей, парламенттің бір депутатының Кореядағы уақытша бітімді қадағалау жөніндегі комиссияны жою туралы Индия үкметі ұсыныс алды ма деген сұрағына жауап бере келіп, Индияның премьер-министрі Неру былай деп мәлімдеген: «Индия үкметі бұл комиссияға тікелей мүдделі болып отырмаса да» ол Кореядағы бірденбір бейтарап органды жою кәзіргі жағдайда қолайсыз болған болар еді деп ойлайды. Бұл жоюды тек екі жақтың командованиелерінің келісімімен ғана жүзеге асыруға болады».

АҚШ-та ЯЛТА КОНФЕРЕНЦИЯСЫ «ДОКУМЕНТТЕРІНІҢ» ЖАРИЯЛАНУЫ ЖӨНІНДЕ ЧЕРЧИЛЛДІҢ ҚАУЫМДАР ПАЛАТАСЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 23 март. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Черчилль кеше қауымдар палатасында 1945 жылғы Ялта келіссөздері жайындағы американ лақабының жариялануын өзіне «мәзгілсіз» деп санайтынын мәлімдеген.

Осы тақырыптағы бірқатар сұрақтарға жауап бере келіп, премьер- министр былай деп мәлімдеген: американ үкметінің Мальтадағы, Ялтадағы және Потсдамдағы конференцияларға қатысы бар документтер жыйнағын жариялағысы келетіні туралы ағылшын сыртқы істер министрлігі өткен жылғы жазда хабар алған болатын.

Черчилль және былай деген: оның өзінің толық келісуімен сыртқы істер министрі «жауап жолдады, бұл жауапта жалпы пікірлерді ескеріп, маңызды халықаралық келіссөздердің толық документтерін бұл келіссөздер аяқталғаннан кейін осыншалық жедел жариялауға қарсылық білдірген болатын».

Осы жылғы 12 январьда, Черчилльдің айтуынша, Англияның сыртқы істер министрі Даллеске былай деп мәлімдеген: оның өзі жариялаудан бастартуды ұсынбаса да, дегенмен кәзіргі уақытта жариялауды өте қолайсыз деп санайды. 11 мартта, деген Черчилль, Құрама Штаттардың үкметі Англия үкметіне жоғарыда аталған документтерді өзінің жариялауға үйғарғанын хабарлаған еді, бірақ 15 мартта Англияға «мұны жариялауға ендігі жерде қарсыласуға болмайды деген» айтты. Арада 24 сағат өткенде осылай істелді де».

ТҮРКИЯДАҒЫ АМЕРИКАН СОҒЫС- ӘУЕ БАЗАЛАРЫ

СТАМБУЛ, 23 март. (СОТА). Бірқатар түрк газеттері карта жариялады. Бұл картада Адандағы және американ аэродромында орналасқан авиацияның әрекет жасайтын ауданының аймағы бейнеленген. Газеттер Адандағы аэродром—ССРО-ға ең жақын американ соғыс- әуе базасы

топтарда келістерді бекіту туралы заң жобасына түзетулер енгізу заңында ұсыныстар жасалуына қарсы тура алмады. Кәзір төрт түзету ұсынылып отыр.

«Тәуелсіз республикашыл» Арманго өнеркәсіп өндірісі комиссиясының атынан заң жобасына ерекше пункт енгізуді ұсынды, бұл пункт бойынша Париж келісімдерін бекіткен грамоталарды тек «қару-жарақты өндіру, стандарттау және бөлу, мұнымен қатар басқа елдерден берілетін көмекті бөлу жөнінде европалық агенттік» құрғаннан кейін ғана сақтау үшін тапсыруға болады. Жұртқа мәлім, бұл ұсыныс француз монополияларының соғыс заказдарын бөлген кезде өздеріне тиімді позицияларды қамтамасыз етуге тырысып отырған үміттеріне сай келеді. Бұл ұсыныс сонымен қатар осы «агенттік» Батыс Германияның қаруланууын

Мұның үстіне, экономика мәселелері жөніндегі комиссия бүгін таңертең Саар статутына қатысы бар қарарды 12 дауыспен қабылдаған, бұған 3 дауыс қарсы болған.

Осы түзетулердің бәрі Батыс Германияны қаруландыру жобаларымен байланысты оңшыл партияларда абыржушылық туып отырғанын көрсетеді.

Жоғарыда хабар етілгеніндей, «тәуелсіз республикашыл Марсиласи түзетумен қатар, Фор үкметінің барлық мүшелерінің бекітуге тапсырылған документтерге көзқарастары жайында да «алдын-ала сұрақ» қойды.

Бүгінгі мәжілістің бас кезінде Марсиласи осы «алдын-ала сұрақ» қоюдан өзінің бастартатынын мәлімдеді.

Республика Советінің мәжілісі онан әрі өткізілуде.

Вермахтты қайта тудыруға жол берілмесін!

ПАРИЖДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ МИТИНГ

ПАРИЖ, 24 март. (СОТА). Республика Советінде Париж келісімдерін бекіту туралы айтыс болып жатқан кезде, ондаған мың париждықтар герман проблемасын бейбітшілікпен шешу жолындағы күрестің француз комитетінің шақыруына үн қосып, герман вермахтын қайта тудыруға қарсы наразылық білдіретін бұқаралық митингке қатысуы үшін кеше кешкілікте қысқы велодромға жиналды.

Француз әйелдері одағының председателі Эжени Коттон ханымның, бұрынғы министр Поль Бастидтің, Жалпы еңбек конфедерациясының Ален Ле Леаптың және Францияның басқа да көрнекті қоғам және саяси қайраткерлерінің митинг президиумына келуін жиналғандар дулы қолшапалақтап қарсы алды.

Бұрынғы министр Рене Капитан митингті ашып, қысқаша кіріспе сөз сөйледі. Ол Париж келісімдерін бекітудің Франция үшін және Европадағы бейбітшілік ісі үшін қандай апатты зардаптары болатыны туралы айтты.

Бұдан кейін Ұлттық жиналыстың депутаты Валлабрегке (радикал- социалист) сөз берілді. Ол АҚШ пен Англияның билеуші топтарының әмірі бойынша жүзеге асырылып жатқан Батыс Германияны қаруландырудың халықаралық шиеленісті бұрынғыдан анағұрлым ушықтыра түсетінін атап көрсетті.

Франция, деді ол, Батыс Германияны қаруландыруға жол бермеуге басқаның бәрінен де гөрі мейліше мүдделі болып отыр. Неміс-фашист оккупанттары душар еткен қайғылы азаптар мен бүлініліктерді Франция жақсы біледі және совет халқы Сталинградты ешқашан да ұмыта алмайтын болса, Франция да Орадур-Сюр-Гланды сондай ұмыта алмайды.

Ұлттық жиналыстың депутаты Жильбер де Шамбрен (прогрессіл республикашылдар одағының мүшесі) былай деп атап көрсетті: француз халқы өз елін ремилитарландыруға қарсы күресін жатқан неміс патриоттарымен достықты нығайтуды тілеп батысгерманиялық кекшіл дермен ынтымақтасуға қарсы шығып отыр.

Лион қаласы мәрінің орынбасары Вьеннэ былай деп көрсетті: Францияның Германиядағы агрессияшыл күштерді қалпына келтіруге қарсы қиымыл жасауға міндеттейтін және мүмкіндік беретін, басқа елдермен жасасқан договорлары бар. Шынында да, деді ол, күшті жігермен, Франция ендігі жерде тәуелсіз держава белудан қалды ма екен және ол өзінің мүдделеріне сай келетін саясат жүргізе алмай ма екен?

Вьеннэ герман проблемасын бейбітшілікпен шешу мақсатымен келіссөздер жүргізу қажет екенін атап көрсетті және Совет Одағының бұл мәселе жөнінде нақты ұсыныстар жасағанын еске салды. Бұл ұсыныстарды, деді шешен, Ұлттық жиналыстың құрметті председателі және Лионның мәрі Эдуард Эррио қолдап отыр.

Бұлармен қатар Ұлттық жиналыстың депутаттары Лонар Казанова (коммунист), Андрэ Дени («жас республика» партиясының мүшесі), Пьер Лебон («әлеуметтік республикашыл») және басқалары да сөз сөйледі.

Сонымен бірге Қытайда салының жатқан алғашқы автомобиль заводының электр станциясында котель орнату жұмысы аяқталды, деп хабарланды. Үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанында бұл котель өнеркәсіпке алғашқы ток береді. Ланьчжоу электр станциясының екінші кезектегі құрылысы басталды, құрылыс аяқталғанда станцияның қуаттылығы біржарым еседен гөрі артығырақ артады. Быйылғы жылы сонымен бірге бірінші кезектегі ірі Тайюань электр станциясының құрылысы да аяқталмақ.

ЧЕХОСЛОВАКИЯ ҰЛТТЫҚ ЖИЫНАЛЫСЫ СЕССИЯСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

ПРАГА, 23 март. (СОТА). Бүгін Прагада Чехословак республикасы Ұлттық жыйналысының сессиясы өзінің жұмысын аяқтады.

Мемлекеттік жоспарлау басқармасының председателі Отокар Шимунектің, финанс министрі Юлиус Дюриштің және тиісті парламент комиссияларының баяндамалары бойынша жарыссөзде шығып сөйлеген Ұлттық жыйналыстың депутаттары былай деп атап көрсетті: үкмет ұсынған республиканың халық шаруашылығын өркендетудің 1955 жылға арналған мемлекеттік жоспары және мемлекеттік бюджет елдің өндіргіш күштерін онан әрі арттырып, оның қорғаныс қабілетін нығайту міндеттеріне, еңбекшілердің материалдық және мәдени әл-ауқатын ұдайы арттыра беру міндеттеріне толығымен сай келеді және чехословак халқының бейбітшілікті қорғау, демократиялық лагерьді күшейту ісіне қосқан жаңа үлесі болады.

Ұлттық жыйналыс Чехословакияның халық шаруашылығын өркендетудің 1955 жылға арналған мемлекеттік жоспарын, 1955 жылға арналған мемлекеттік бюджетті және 1954 жылғы мемлекеттік бюджеттің орындалуын бірауыздан бекітті.

Ұлттық жыйналыс сонымен бірге басқа да бірқатар заңдар қабылдады.

Ұлттық жыйналыс сессиясының мәжілісінде республиканың президенті Антонин Запотоцкий, премьер- министр Вильям Широкий, Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Антонин Новотный, Словакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Карел Бацилек және партия мен үкметтің басқа басшылары болды.

Сирия республикасының тәуелсіздігі мен суверенитетін қорғау бағытында ұстап отырған позициясына ынтымақтастық білдіріп телеграмма жолдансын.

Белгілі болғанындай, бюро кәзір Римде жатқан президент Шамуньға телеграмма жолдап, оның Түркияға баратын сапарынан бас тартуын талап етуде.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

МАЛДАРДЫ, ТРАНСПОРТ ҚҰРАЛДАРЫН ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ИЕЛЕРІНЕН АЛЫМ АЛУ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Совет атқомінің 1955 жылғы 21 февральдағы № 2 міндетті қарары

Еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Совет атқомі **қаулы етті:**

1. Осы жылғы 25 февральдан 1 майға дейін Петропавл қаласында тұратын азаматтардың қарамағындағы малдары мен транспорт құралдарын тіркеуге алу ісі жүргізілсін.

2. Төмендегілерге мына шараларды жүргізу міндеті жүктелсін.

а) малдарды және жүк транспортын тіркеуге алу ісін қалалық финанс бөлімі жүргізетін болсын;

б) велосипедтерді тіркеуге алу және номер белгілерін беру, сол сияқты транспорттың бұл түрін иемденушілерден алым алу және жүк транспортына номер белгілерін беру қалалық коммуналдық шаруашылық бөліміне жүктелсін.

3. Мемлекеттік автомобиль инспекциясына азаматтардың жеке пайдалануындағы автомашиналар мен мотоциклдерге номер белгілерін беру, тіркеуге алу және техникалық жарамдылығын байқау ісін транспорт иелері алым төлегендігі туралы квитанцияларын көрсеткеннен кейін ғана жүргізу ұсынылсын.

4. Сауын және жұмыс малдары, транспорт құралдары, автомобильдері және мотоциклдері, моторлы қайықтары, велосипедтері, қайықтары, паромдары, аттары және тасымалдау кәсіпшілігіне пайдаланатын басқа да малдары бар азаматтар оларды осы қарарда көрсетілген мерзім ішінде тіркеуден өткізуге және транспорт құралдарына номер белгілерін алуға міндеттелсін.

Тіркеуге алуды жүргізу жөніндегі тағайындалған мерзім аяқталғаннан кейін мал немесе транспорт құралдары сатып алынған реттерде олардың иелері малдары мен транспорт құралдарын сатып алғаннан кейінгі 10 күн мерзім ішінде осы қаулының 2 пунктіне сәйкес онда көрсетілген органдарда тіркеуден өткізетін болып тағайындалсын.

5. Мал және транспорт құралдарын иемденушілерден жылына мына мөлшерде алым алынатын болсын:

Аттан — Жүк тасымалдау үшін пайдаланылатын (аттардан басқа) малдардан	100 сом.
Ірі қара малдан	50 сом.
Велосипедтен	15 сом.
Жеңіл автомобиль және моторлы қайықтардан	25 сом.
Мотоциклдерден	15 сом.
Кісі тасымалдау үшін пайдаланылатын қайықтардан	50 сом.
Кісі тасымалдау үшін пайдаланылмайтын қайықтардан	15 сом.

6. Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар алым төлеуден босатылады, бірақ олар қолда бар транспорт құралдары үшін осы қарарда тағайындалған мерзім ішінде номер белгілерін алуға міндетті:

7. 1955 жылғы 1 майдан бастап номер белгілері жоқ транспорт құралдарымен қала ішінде жүруге тыйым салынсын.

8. Осы міндетті қарардың 1, 4, 5, 6 және 7 пункттерін бұрмалаған кінәлі адамдарға әкімшілік жолымен 100 сомға дейін айып салынсын немесе 30 күнге дейін еңбек түзеу жұмысына жіберілсін.

9. Кезекші милиционерлерге осы міндетті қарардың 4, 6 және 7 пункттерді бұрмалаушылық байқалған кезде оны бұрмалаушылардан сол жердің өзінде протокол жазбай-ақ 3 сом мөлшерінде айып алуға право берілсін.

10. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылап отыру милиция органдарына, қалалық коммуналдық шаруашылыққа және қалалық финанс бөліміне жүктелсін.

11. Міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күннен соң күшіне кіреді және Петропавл қаласында 2 жыл бойына күшінде болады.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет атқомінің председателі М. ВОТЯКОВ.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет атқомінің секретары Ю. ПЛОТНИКОВА.

Кинодарда

Мектеп оқушыларының көктемгі каникулі кезінде «Ударник» және «Октябрь» кинотеатрлары балаларға мынадай кинофильмдер көрсетеді:

«Ударник» кинотеатрында

«ЕКІ ДОС»
(көркемсуретті жаңа фильм)
«ЕРЛІК МЕКТЕБІ»
«ПАТША ҚЫЗЫ КӨЛБАҚА»
«ТАУДАҒЫ ЗАСТАВА»
«КОРАБЛЬ КОМАНДИРІ»

«Октябрь» кинотеатрында

«ТЕҢІЗ АҢШЫСЫ»
«СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫ»
(1 және 2 сериясы)
«ЗАПАСТАҒЫ ОЙЫНШЫ»
«ПАРТИЗАН БАЛАЛАРЫ»

Облыстық жергілікті отын өндірісі мекемесіне түпкілікті жұмысқа аға бухгалтерлер, жоспарлау-финанс бөлімінің бастығы, бухгалтер-ревизор керек.

Адрес: Петропавл қаласы, Совет көшесі, 92-үй.

Петропавл станциясындағы № 32 ФЗО мектебіне ГАЗ-ММ автомашинасына шофер КЕРЕК.

Түпкілікті жұмысқа электр монтерлері, қойма меңгерушісі және кочегарлар КЕРЕК.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Крепост көшесі, 2-үй. Кадр бөлімі.

Петропавлдың нан комбинатына кочегарлар, жүк тиеушілер, үй күтушілер КЕРЕК.

АДРЕС: Петренев көшесі, 61-үй. Кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4.39. Газет баспасы —5,53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00733.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.